

05.409

*Елена Микула*

# Кімнің омартасы жақсы?

*Әр алуан балалар мен  
кішкентай ара туралы оқиғалар*



Елена Микута



## Кімнің омартасы жақсы?

Әр алуан балалар мен  
кішкентай ара туралы оқиғалар



ШЫҒЫС  
СӘУЛЕСІ



БКК 84  
М 52

Микула Елена

М 52 Кімнің омартасы жақсы. Әр алуан балалар мен кішкентай ара туралы оқиғалар. – Алматы: ШЫҒЫС СӘУЛЕСІ, 2006ж. 88 бет.

БКК 84

Әр алуан балалардың басынан кешкен оқиғалары мен кішкене жұмыскер араның бастан кешкен оқиғалары ұқсас өрі қатар баяндала отырып, мұндағы тартымды шағын әңгімелер балаларды биік адамгершілікке, жан тазалығына баулиды.

Орыс тілінен аударған: Саханова Райхан Есімханқызы

М 4802000000

00 (05) – 06

05.409

ISBN 9965-911-3-2



## Алғы сөз

Әдетте, адамдар алғы сөзді кітапты оқып біткеннен кейін ғана оқиды. Оның өзінде егер кітап оларға ұнаса ғана. Егер осы жолдарды оқып отырған болсаң, онда саған менің не туралы әңгімелейтінім қызықты болғаны ғой.

Мен де бір кездері 13 жаста болған едім. Күздің бір күні құрбым Алла екеуіміз мектептің жанындағы аллеямен келе жаттық. Күн шуақты еді, үйеңкілер мен қайыңдардың жапырақтары алтындай қызыл сары түспен жалтырап тұрды, аспанның көктігі сонша, оған қарауға көз ұялатын. Біз, Алла екеуіміз бір мезетте тоқтай қалып, біреуіміз – дәл кім екені қазір есімде жоқ, былай деп сұрадық:

– Біз бір кездері осы күнді шынымен ұмытып қаламыз ба?

Сөйтіп біз оны өмір бойы есімізде сақтап қалуға бел байладық. Алламен көріспегеніме 30 жыл болды. Ол мектеп ауласының алтындай жалтыраған аллеясындағы сол бір әңгімені есіне сақтады ма, жоқ па мен білмеймін. Ал мен өмірімнің барлық кезеңінде сол күнді ерекше құнды байлық ретінде сақтап келемін.

Бұл – менің өміріме Құдай назар аударған және мен Оның жүзінің сұлулығын көрген күн болатын. Ол менің жүрегіме:

– Ей, кішкентай қыз! Бұл әлемді Мен сен үшін жараттым. Ол саған ұнай ма? Егер сен оған зер салып қарайтын болсаң, Мені жақсы



біле түсесің. Сенің алдында ұзақ саяхат тұр. Мен әрқашан сенің жаныңда жүрем. Мені көруді үйрен, – дегендей болды.

Ол кезде, 13 жасымда, мен Оның дауысын әлі ажырата алмаушы едім. Тек өз жүрегімнің қуанышты дүрсілін, мектептің жайқалған гүл алаңда ұшып жүрген аралардың ызыңын, аяқ астындағы құрғақ жапырақтардың сыбдырын ғана еститінмін. Содан кейін, көп жылдардан соң, мен Құдайдың өзіммен осылай әңгімелескенін түсіндім. Бір күні мен Онымен өзім сөйлеспек болдым. Оған сиынып едім, Ол маған жауап берді. Оның не айтқанын білесің бе?


– Мен сені жақсы көрем!

Енді қазір мен Онымен күн сайын әңгімелесемін, Ол да менімен сөйлеседі.

Міне, бірнеше жылдан бері мен жексенбілік мектептегі оқушылардың қалай өсіп келе жатқанын бақылап жүрмін. Мен олардың аяқтарын салбыратып, орындықта отырған уақыттарының қалай өтіп кеткенін байқамай да қалыппын. Олардың мені ауыздарын ашып отырып тыңдаған және “Лена апай” айтқандардың бәріне сенген уақыт байқаусызда өтіп кетіпті.

Менің бөбектерім өсті. Олар дауласуға, күмәндануға және шешім қабылдауға үйренді. Он үш жас – бұл таңдау уақыты. Сондықтан да осы кітапша пайда болды. Ол 13 жастағыларға немесе 13-ке толатындарға арналып жазылған. Сен нені таңдайсың? Қандай омартаны? Аралар тұратынын ба, әлде шыбындар асыр салып жатқанын ба? Бұл кітапша сенің дұрыс таңдау жасауыңа көмектескенін қалаймын. Егер солай болса, сен екеуміз бір кездері “Жаңа Омартада” – Құдай Патшалығында кездесетін боламыз. Менде сенімен кездескен кезде айтып беретін тағы бір оқиға бар.





## Кілнің олартасы жақсы

Андрей Димкамен бірге сең жүріп жатқанын көру үшін өзенге барды. Алыстан-ақ судың гүрілі мен мұздардың сықыры естіліп жатты. Жай кездері тыныш, сүйікті өзендері бүгін оларға бөтен де қатерлі болып көрінді. Мұздар бірінің үстіне бірі шығып, олардың астындағы су буырқанып тасып жатты. Қорғасын түстес аспан ауыр бұлттармен көмкерілген, өкпек жел бетке суық тамшылар шашады. Ұлдар өзеннің мұзды жамылғысының жарылып, судың жағаға өнтелей жақындап келе жатқанын үнсіз бақылады. Олар өздеріне бастығы Колька Муха болып, бір топ балалардың жақындап келгенін аңғармай да қалды. Димка жайсыз бірдеңені күте бер дегендей ысқырып қойды. Ал Андрей Колькаға өз фамилиясының қалай дөп келгенін таңдана ойлады. Оның бөкене бойы, епті, жылмаң қимылы, сұрғылт арсыз жасыл кездері шынымен де шыбынға ұқсайтын.

– Сәлем! – деп қырылдай сәлемдесті Муха.

Димка жауап қайтарғандай болды.

– Ал сен неге амандаспайсың? Сыйламайсың ба? – Муха Андрейге тақап келіп, басындағы кепкасын сыпырып алды. – Үлкендерді



сыйлау керек, кездескен кезде бас киімді шешу керек. Неғылған тәрбиесіз баласың!

Муханың достары қарқылдай күлісті. Андрей кепкасын алу үшін бір адым алдыға жылжыды, бірақ Колька өзенге қарай кері шегінді. Андрейдің ызасы келді, фирмалық кепка су жаңа еді, ол оны бүгін бірінші рет киген болатын. Муха кепканы бұлғап суға секіріп кетті.

– Андрей, кеттік! – деді Димка ақырын ғана, – байланыспай-ақ қой.

– Үйіңе қайт, балақай, сені маматайың күтіп қалды. Саған манна ботқасын пісіріп қойды.

Муха Андрейдің де мұзға түскенін көріп, тағы бірнеше қадам ары жылжыды.

– Андрей, қайт! – деп айғайлады Димка.

Муха бар күшін салып, жанынан қалқып өтіп бара жатқан мұзға секіріп кетті. Бірер секунд аялдап барып, Андрей де секірді. Аяқ астындағы мұз шайқалақтап кетті, алайда ол қорыққан жоқ, ашу қорқыныштан күшті еді. Көз қиығымен Андрей жағадағы балалардың жүгіріп жүргенін көрді, Димка бірдеңе деп айғайлап, қолын бұлғайды. Муха басқа мұзға секіріп отыра кетті, мұз үлкен болмағандықтан, қатты шайқалақтады. Бір уақытта Андрей тұрған мұз басқа мұз кесегіне соқтықты. Шатыр еткен дыбыс естілді. Андрей аяғының астына назарын аударды. Қап-қара жырық найзағайға ұқсап қорқынышты сызық сызып өтті. Ол екі аяғының екі жаққа айырыла бастағанын сезді. Ол енді ара қашықтығы біртіндеп үлкейе бастаған екі мұз кесегінде тұр. Салмақ тепе-теңдігін жоғалтқан бала қорқынышты қара су оны өзіне тарта бастағанын ойлап үлгерді. Уақыт та жүрісін баяулатты, Андрей өзінің өзенге құлайтынын және ештеңені өзгерте алмайтынын түсінді. Бала қатып қалған қолдарымен тайғанақ мұздан жармасып ұстаған күйі мұзды суға сырғып түсіп бара жатты. Ол ештеңенің байыбына бармады, бүкіл әлем сынық-сынық мұздарға бөлініп кеткендей. Муха жағаға секіріп бара жатыр, Димка жүресінен отырып алып айғайлауда, балалар үрейден қаққан қазықтай қатып қалған. Су оны бір сәтке жұтып қойды, содан соң сыртқа итеріп, мұзға бір соғып жіберіп, қайтадан тұңғиыққа тартып әкетті. Кенет соңғы сәтте Андрей тура қарсы алдынан қара бөрене көрді! Күшін жоғалта бастаған ол оған қалшылдай жармасып мұзға жылжыды. Мұздың жұқарған шеттерін аяғымен сындыра отырып, оған шығуға тырысты. Ақыры оның бұл әрекеті жүзеге асты, біраздан соң ол салмағынан сықырлай қисайған мұздың үстінде жатты. Димка жақындап келіп қалған екен. Ол

мұздың үстінде жатқан күйі досына қолын созды. Андрей де соңғы күшін жинап, оған қолын жеткізді.

Өмірінде мұндай қатты мұздап көрген емес. Ол өзін мұзға айналғандай сезінді. Димка оны өз шарфымен сүртіндіруге тырысты.

– Сен батыр екенсің! Енді мені өз досың деп есептеуіңе болады, – деді Муха қырылдай үн қатып. Сөйтті де Андрейдің басына кепкасын кигізді.





– Кеттік, бізде кептірінетін орын бар.

Он минуттан кейін олар ескі гаражда отырды. Димка Андрейге жұрткасын, жемпірін, шалбарын шешуге көмектесіп, оларды сығуға әрекеттенді. Муха дірілдеп тұрған Андрейді ескі жыртқы жамылғымен бүркеп, қолына ішінде сұйығы бар ыдысты тықпалады. Андрей иіскеп көріп селк ете түсті. Бұл арақ болатын.

– Мен мұны ішпеймін.

– Іш, жылынасың, – деді Муха өктем үнмен.

Тісі-тісіне тимей қалшылдаған Андрей ащы сұйықты ішіп салды да, тұншыға демалды. Елгезек Муха оның аузына қатқан нанды тықпалады:

– Жеп ал, жеңіл болады.

Андрейге жеңіл болмады. Тоңғаны біртіндеп басыла бастағанымен, басының айналуы күшейе түсті. Андрей ештеңені пайымдай алмады. Балалардың жүздері анда-санда қараңдағандай болады. Ол қайтадан айналып келе жатқан стақанды, Димканың ішуден үзілді-кесілді бас тартқанын көрді. Оған бәрі қарқылдап күлісті. Балалардың дауыстары қатайып, күлкілері өткірлене түсті. Димка Андрейге көмектесіп, оны гараждан алып шықты. Не Муха, не оның достары олардың қалай шығып кеткенін байқамай да қалды.

Дала суық екен. Андрейдің жүрегі айныды. Димка оны үйіне дейін әрең жеткізді. Бақытына орай, үйде ешкім жоқ болып шықты. Үстел үстінде хат жатыр екен, бірақ оны Андрей оқи алмады – әріптер көз алдында селтендеп тұрғандай. Димка әке-шешесінің қарындасын алып қонаққа кеткенін, олардың кеш оралатынын айтты. Ол досына шешінуге көмектесіп, төсекке жатқызды да, кетіп қалды. Андрейдің астындағы төсек шайқалақтап тұр, басы қатты ауырғанымен, ол ақыры ұйықтап қалды. Әке-шешесінің қалай келгенін де естімеді, мамасының бөлмеге басын сұғып, шамды өшіргенін де сезбеді.

Таңертең ол тоңып оянды. Жылы көрпенің астында жатса да, қалшылдап жатыр екен. Басы сынып кететін тәрізді. Мамасы киімдері мен аяқ киімінің су екенін көріп, бәрін бірден түсінді.

– Мен күтпеген жерден суға құлап кеттім, – деді Андрей ақталуға тырысып.

Мамасы температурасын өлшеп, дәрігер шақырды. Қарындасы Аленка оны жұбату үшін:

– Мен саған ыстық сүт әкелдім, – деді.

Мамасы ыдыстағы балды алып, оны сүтке қосты. Аленканы бұл қызықтырып жіберді:

– Бұл неге керек?  
– Балдың емдік қасиеті бар, ол суық тигенде пайдалы.  
– Ал бал неден жасалады?  
– Аралар оны гүлден жинайды, – деді мамасы шыдамдылықпен жауап беріп.

– Сонда гүлдерде бал болғаны ма? – деп Аленка да тақымдап қояр емес.

– Гүлде нәр бар – өте тәтті қоймалжың зат, аралар оны жинап, өздерінің үйлеріне, омартаға әкеледі де, араның ұясындағы кішкентай ұяшықтарда сақтайды. Сол жерде жаңағы нәр балға айналады.

Андрей ыстық сүтті ішіп алды. Ол ыстықтап кетті әрі қалжырағанын сезді. Мамасы Аленкаға аралар жайлы және омартаның құрылысы туралы ақырын әңгімелеп отыр, ал қыз сұрақтарды үсті-үстіне жаудырып жатты. Андрей аралардың бір қалыпты ызыңын еске түсіретін осы әңгіме үстінде ұйықтап кетті.

...Күн шыжыған ыстық болатын. Омартаның маңы мен оның ішінде өмір қыз-қыз қайнайды.

Аралардың үйіне кірер есіктің қызметін атқаратын тесікке бал тасыған жұмысшы аралар келіп-кетіп жатты. Оларды өз аралары ұшып келді ме, әлде басқа ұяның арасы жолдан жаңылды ма, соны тексеру үшін күзетші аралар күтіп алады. Оған көздері анық жеткен соң ғана жұмысшы араны әкелген нәрін ұяшықта қалдыру үшін ішке жібереді. Жүкті түсірген ара тәтті қазынаның келесі кезегіне ұшып кетеді.

Кішкентай Ара бүгін жұмысқа бірінші рет шықты. Ол бұған ұзақ дайындалған. Ол әлі кішкентай болып ұясында отырған кезде, семіз әрі күйгелек Күтуші оның да омартадан ұшып шығатын кезінің келетінін айтқан-ды. Ол – жұмысшы ара, сондықтан оның жұмысы – омартаға бал әкелу. Күтуші өте қамқор және мейірімді еді. Ол бала араларды тамақтандырып, бағып-қағады. Кішкентай Ара кейде Күтушіні әбігерге салатын, біресе, төбеті жоғалып кеткен түр көрсететін, біресе бір жері ауырып тұрғанын айтатын. Күтуші болса, әбігер болып, Кішкентай Араға ең тәтті дегендерді тыққыштап, оның маңында абыржи күйгелектенетін. Ал Кішкентай Ара оған күлетін-ді.

Кейін Кішкентай Ара омартаның құрылысымен танысты. Ол аралар үйінде әрбіреуінің өз міндеті бар екенін білді, біреуі бала



араларды бағып-қағады, екіншісі омартаны күзетеді, басқалары бал әкеледі. Омартада тіпті қажетті температураны ұстап тұратын аралар да бар. Олар тым ысып кетпес үшін қанаттарын желдеткіштей қағып тұрады. Кішкентай Арада Күтушісі жауап бере алмайтын көптеген сұрақтар туындайтын.

– Шошаңдай бермей, ақылға кел, уақыты келгенде бәрін түсінетін боласың. Ең бастысын есіңе сақтап ал, сен жұмысшы арасың, сенің ісің – бал әкелу. Омартаға жолды қалай дұрыс табуға болатынын есіңе ұста, қанаттарыңды сақта, өзің көтере алатыннан артық алма, бірақ жалқауланба да, өйткені сен жатып ішер емессің, жұмысшы арасың. Егер осылай істесең, жақсы өмір сүресің және өз ісіңе қуанатын боласың, өзіңнің барлық “неге”, “не үшіндеріңе” жауап табасың.

Міне, сол күн де жетті-ау! Омартадан сыртқа көз салған кезде Кішкентай Араның жүрегі қуаныштан дүрсілдеп кетті. Көк аспанда күн жарқырап тұр, шөптер жап-жасыл, бүкіл әсем әлемнен балдың хош иісі аңқиды. Кішкентай Ара қайда ұшу керектігін білді. Өзінің тентек мінезіне қарамастан ол қабілетті шәкірт болатын және Күтушісінің сабағын жақсы меңгерген. Гүлдеп тұрған қарамық егісі оны өзіне тартты. Гүлден гүлге қонып, Кішкентай Ара тез арада нәрдің қажетті мөлшерін алып, ауыр денесімен омартаға беттеді. Оның қуанышында шек болмады. Тәтті нәрді жинай жүріп, ол ұя қалайша алтындай сары балмен толатынын, өзінің үйі қалай байитынын ойлады.

Бірнеше рет ұшып барып келген Кішкентай Ара қарамық егісін қоршаған қоршауға демін алуға отырды. Ол көзін жұмып, арқасын күнге бере үнсіз қалды. Бір кезде бейтаныс ызың естілді де, жанына үлкен жасыл шыбын қонды. Бір қолын екінші қолына үйкеп, Шыбын былай деді:

– Солай де, демалып отырсың ба? Демал, әзірше сені егіске жұмысқа қумай тұрғанда демал.

Мұндайды күтпеген Кішкентай Ара селк етіп, қоршаудан құлап қала жаздады.

– Кім мені қуалауы керек?

– М-м... Білмеймін, шамасы сендерді бал жинауға мәжбүр ететін біреу болса керек.

– Ешкім бізді мәжбүр етпейді, біз – жұмыс араларымыз. Бал жинап, омартаға тасу – біздің міндетіміз.

– Мен саған сене қалыппын! Сен өз еркіңмен бал жинап, оны омартаға апарасың ба? – деп, Шыбын арсыз жасыл көздерін тасырайтты.

– Иә, – деп Кішкентай Ара абыржып қалды. – Енді қалай?  
– Енді қалай?! – деп ашуланды Шыбын. – Енді қалай екенін мен саған айтып берейін! Өзің жинаған балды жеу керек.  
– Бірақ менің балымды омартада күтіп отыр ғой.  
– Күте берсін! Бал керек пе, өздері жинап алсын, – деп қорытты Шыбын.

– Омартада бала аралар бар, олар бал жинай алмайды ғой. Күтушілер де, күзетшілер де және...

– Ал сен соларға жұмыс істейтінің туралы ойландың ба? Ең қайырымдысы сенбісің? Осының бәрі саған ғана керек пе? Өзіңе қарашы, қандай арықсың! Сендердің омарталарыңда семіз аралар бар деп естідім.

– Мен семіз бола алмаймын, маған онда ұшу қиын болады, – деп ақтала жауап берді Кішкентай Ара.

– Міне, мен де сол туралы айтып тұрмын, – деп қағып алды Шыбын, – ұшу қиын болады, аз бал әкелесің, бұл үшін саған әлдекім сыбағанды береді...

– Олай емес, маған ешкім тиіспейді. Тек біздің омартамыз солай құрылған, сондықтан жұмыс істеу керек, маған бұл ұнайды! – деді қорғануын жалғастырған Кішкентай Ара.

Шыбын көзін сығырайтып, Кішкентай Араның құлағына сыбырлап былай деді:

– Саған бір құпия айтайын: сенің омартаң жаман құрылған. Біреулер жұмыс істейді, басқалар демалады, біреулерде бәрі бар, басқаларға ештеңе тимейді. Ал егер сен жұмысшы ара болғың келмесе, не істеуің керек? А? Сүйіктім, білесің бе, сенің омартаң дұрыс құрылмаған. Ешқандай еркіндік жоқ. Ешқайда ұшу мүмкін емес.

Шыбын аспанға қиялдай көз тастады:

– Сені мына кеңістік неғып өзіне тартпайды? Көрінбейтін алыс жерлер... Жаңа жерлер...

Кішкентай Ара абыржып, ол да аспанға көз салды:

– Мен өзіме ұшуға болатын қауіпсіз бағыттарды білем.

– Иә, дәл солай! Қауіпсіз бағыттар. Қалай шолақ ойлайсың? Сен үшін бүкіл әлем сенің омартаң мен қарамықтың көңілсіз егістігімен шектелген.

Шыбын Кішкентай Араға жақындап келіп, қызына сыбырлады:

– Ал сен жарық дүниеде сенің омартаңнан да жақсы нәрселер бар екенін білесің бе, ақымақ Кішкентай Ара?

Кішкентай Ара жауап берудің орнына көзін жыпылықтатты.



– Бірге ұшып кетейік, мен саған өзімнің омартамды көрсетемін! Ол сенікіне ұқсамайды, әлдеқайда жақсы, біріншіден, ол сенікінен әлденеше есе үлкен, екіншіден, мен оған қай уақытта барғым келсе, сол уақытта барамын және кез келген уақытта ұшып кетемін. Үшіншіден, мен оған тамақ тасымаймын, керісінше, менің омартам мені тамақтандырады. Кеттік!

Шыбын абдырап қалған Кішкентай Араны ұстап алып, өзімен ерте жөнелді. Жолай Шыбын өз омартасының әдемілігін жарқырата суреттегені сонша, Кішкентай Ара таңғалғаннан аузын ашып қалды. Ол Шыбынның артынан өзінің әдеттегі бағытынан әлдеқашан алыстап кеткеніне қарамастан ұша берді. Олар егістіктен, бақтан өтіп, бақшаның шетіне жақындады.

– Тоқта! – деп бұйырды Шыбын, сосын олар шиенің бұтағына қонақтады.

Шыбын бір сәт үндемей қалды, содан соң сенімді түрде былай деді:

– Қара, міне менің омартам...

Кішкентай Ара бақшаның шетінен омартаны еміс-еміс еске түсіретін ағаштан жасалған қуысты көрді. Ол төбесі жабылған үлкен ұя тәрізді екен, есігі бекітулі. Есіктің жоғарғы жағында кішкентай терезесі де бар екен.

– Ұшайық, менің омартам сенікінен жақсы екеніне көзің жетеді. Омартаға жақындап қалған Кішкентай Ара сол сәтте өзінің онда барғысы келмейтінін сезді.

– Сен неге баяулап қалдың? – деп сұрады Шыбын кейіп.

– Мына иіс...

– Мына жаман иіс... Ал сен мұрныңды жауып ал, мұны сен басыңда ғана сезесің. Ештеңе етпейді, кейін үйреніп кетесің.

Кішкентай Ара терезеге келді, ал оның маңайында бірімен-бірі жөн-жосықсыз сапырылыса ұшқан шыбындар құжынап жүр екен. “Омартаға” ұшып келген кезде, Кішкентай Араға тіпті жаман болды. Сасық иістен басы айналды, айналадағы шыбындар қатты шулап ызылдаумен болды, бірін-бірі итерісіп, естерінен адасып кеткендей көрінді.

– Біз анда барамыз, – деп Шыбын Кішкентай Араны домалақ есікке тартты. Ол жер қараңғы әрі қорқынышты екен.

– Егер мен онда түссем, өлемін.

– Түк етпейді! Есесіне еркіндіктің дәмін сезінесің! – деді де, Шыбын айғай салып, тесікке қойып кетті.

Кішкентай Ара қорқыныштан өзін-өзі ұмытып, бар күшімен қанаттарын қағып, мына үрейлі шыбын “омартасынан” қашып шықты.

– Үйге! Үйге! Жоқ, бұл еркіндік емес. Бұл – өлім. Менің онда барғым келмейді. Мен шыбын емеспін, мен арамын. Менің үйім – омарта, ал мынау – жай ғана қоқыс төгетін орын. Жоқ! Жоқ! Барғым келмейді! – деп басын шайқады Кішкентай Ара.

– Андрей, Андрюшенька! – деген Аленканың дауысы естілді. – Не болды саған? Байғұс, сондай аласұрдың. Сенің ыстығың бар!

– Аленка, – деп сыбырлады Андрей, – бұл сен бе? Ештеңе емес, мен тәуір болам.

– Міне, көрдің бе, мен саған айттым ғой, сен ана Колька Мухамен байланыспа. Ылғи соның кесірінен бірдеңеге ұшырайсың да жүресің. Міне, соның кесірінен суық та тигізіп алдың. Онымен дос болма, – деп қарындасы ағасының көрпесін қымтап қойды.







## Жарыс

**М**ектепте ең жақсы қабырға газетін 6 “а” сыныбы шығарады. Осының арқасында айырылмас екі дос – Люда мен Оксананың жақсы аттары шықты. Люда суретті өте жақсы салады, ол өнер мектебінде оқиды. 6 “а”-ның қабырға газеті әрқашан ең әдемі де, тартымды да. Егер Люда гүлдің суретін салса, ол шын гүл болып шыға келеді. Ал егер ол қандай да бір тәртіп бұзушыны бейнелесе, оны бәрі бірден біледі. Беті, киімі түгелімен дәл салынатыны соншалықты, тентек балаға қызарып, көзін басқа жаққа аударудан басқа ештеңе қалмайды. Ал Оксананың дарыны басқа, ол 15 минуттың ішінде кез келген тақырыпқа өлең шығара алады. Және жай өлең емес, күлкілі етіп, тура айтады.

Бүгін жексенбі, ал ертең үлкен үзілісте газет мектеп залында ілініп тұруы керек. Оксана әдеттегідей Людаға келді де, екеуі жұмысқа кірісті. Тақырып анықталды. Үш өлең және асханадағы қарбалас туралы әңгіме жазылды. Оксана оларды Людаға оқып берді де, екеуі әбден күлді.

Людаға Коля Муха туралы тақпақ өте ұнады.

Үзілісте ешкім сенің,  
Мазанды кеп алмаса,  
Бастан-аяқ су шашып,

Аяғыңнан шалмаса,  
Көңілі жай боп ұстаздар,  
Ашуланып қалмаса –  
Тыныштық па бұл текке?..  
Яғни, Коля жоқ мектепте.

Олар тағы 2-сынып оқушысы Ваня Сорокин туралы тақпаққа ұзақ күлісті. Ол өзіне-өзі ауырғаны туралы анықтама жазып әкеліп, әшкере болған. Жазған анықтамасы дұрыс тасымалданбаған, баланың жазуы екені білініп тұр еді.

Сорокин Иван –  
Оқушысы 2 “А”-ның,  
Ауырмағаны анық.  
Бірақ сабақтан қалып,  
Жалған анықтама  
Келді алып.

Оксанаға әрқайсысын жеке түрлі-түсті беттерге жазу ғана қалды, ал Люда кеше салып қойған суреттерін бояу керек. Оксана өз жұмысын тез бітіріп тастады да, біркелкі әдемі жазулармен жазылған қағаздарды шетке қойып, құрбысының суретті қалай салып жатқанын бақылады. Люда тілін тістеп алып, жұмысының бір бөлігін бітіріп жатыр еді. Қылқаламның жіңішке ұшымен салынған сурет бір кейіпке еніп, көлемденіп, кейіптері өз иелеріне ұқсап келе жатты.

Оксана мырс ете қалды.

– Ой, Карташовтың суреті өзінен айнымай қалды. Оның түрі кисельге тайғанап жығылған кезде дәл осындай болған шығар. Ал химия кабинетіндегі жарылыс ше! Әсіресе, маған Менделеевтің портреті ұнайды. Міне, керемет!

– Сенің өлеңің дәл айтылып тұр.

Тіпті Менделеевтен  
Озып кетті Петямыз.  
Химия сабағында  
Шығарды да жарылғыш.


Люданы бақылай отырып: “Менің де сурет сала алмайтыным қандай өкінішті!” – деп ойлады Оксана. – Ертең барлығы газетті көреді де, оның ақылды да дарынды екенін айтып жатып кеп мақтайды.

Люда қылқаламды соңғы рет жүргізді де, терең дем алды:



– Біткен сияқты, қалай, жақсы болды ма?  
– Жақсы, – деп бұрқ ете қалды Оксана.  
Люда оған таңдана көз тастады:  
– Көңіл-күйің болмай тұр ма?  
– Ештеңе болған жоқ. Жай. Менің үйге қайтуым керек. Жазуларды  
өзің жапсыра сал. Мен кеттім, сау бол.

Оксана тез киінді де, есікті тарс жауып шығып кетті. Люда



ештеңеге түсінбей, иығын қиқаң еткізіп, газетті бітіруге кірісті. Өлеңдер мен әңгімелері бар түрлі-түсті қағаздарды орналастырып, тиянақтап жапсырды. Желімінің кебуін күте тұрып, ол досының жазғандарына тағы да көз жүгіртті. Өлеңдер күлкілі, әңгімелерінің тілі жатық. “Менің өлең жаза алмайтыным қандай өкінішті, қара сөзге де шорқақпын. Ертең бәрі газетті көріп, Оксананың өлеңдеріне тағы да күледі, оны тағы да: “сен біздің ақынымызсың, сен біздің Пушкинімізсің!” – деп мақтайтын болады. Менің суреттеріме тек көздерінің қиығын ғана салады, ал оның өлеңдерін апта бойы қайталап жүретін болады.

Люда қаламды алып, мәтінді түзетуге кірісті. Түсініксіз сөздер пайда болды. “О” әрпінің орнына “а”, “у” - дың орнына “д”, “п” - ның орнына “р” бой түзеді. Бір қарағанда түрлі-түсті қағаздағы жазулар дұрыс, әдемі, тиянақты жазылғандай. Бірақ оны оқу мүмкін емес еді. Люда газетті ықтияттап бүктеп, орап қойды да, өзіне-өзі риза боп ұйқыға жатты. Ұйықтап бара жатып, ол: “ертең газетті іледі, әдемі суреттер мен түсініксіз мәтінге қарап, Оксананы емес, мені мақтайтын болады”, – деп ойлады.

Алайда таңертең Люданың тісі ауырып, беті ісіп тұрды. Ол өзінің дәрігерге баруына тура келетінін түсінді. Емханаға бара жатып, жолай Оксанаға соғып, оған газеттерді қалдырып кетті. Оксана газеттерді қолтығына қысып келе жатып, “Қазір газетті ілгенде, Люданы тағы мақтайтын болады”, – деп ойлады. Күтпеген жерден оған Люданың суретін “түзету” туралы ой келді. Оксана киім ілетін жерге жүгіріп кірді де, бұрышқа жайғасып, газетті ашып, суреттерді “аяқтауға” кірісті. Ол барлық пішіндердің мұрындары мен құлақтарын ұзартып, тіс пен мұрт салды. Соңында тағы майлы пішіндер қосты. “Енді көреміз, кімді мақтар екен!” – деп ойлады Оксана газетті орап жатып.

Ол газетті үлкен үзілісте қабырғаға ілуге тиісті, мектеп бойынша аға кезекшілік міндетін атқарушыға берді. Үзіліске қоңырау соғылған кезде Оксана жүрегі дүрсілдеп төменге түсті. Ол газеттің жанында балалардың үймелеп тұрғанын алыстан-ақ байқады. Осы кезде сыртқы есік ашылып, емханадан оралған Люда да көрінді. Олар газетке бір сәтте жақындап келді, топ кейін серпіліп, сұрақты жаудырды:

– Сендер нені бейнелегенсіңдер?

– Оксана, мынау қандай өлеңдер?

– Мүмкін бұл автопортрет шығар? – деді әлдекім кекете.

Газетке назар аударған екі қыз орындарында тапжылмай тұрып



қалды. Олар өздерінің жолдастары түсінбегенді бірден түсінді. Люда қызарып кетті де, аулаға жүгіріп шықты. Оның соңынан бетін басып, Оксана да жүгірді.

Кішкентай Ара өз жұмысын өте жақсы көрді. Оған ұяшықтың алтын балға қалай толғанын бақылау ұнайтын. Ол епті, әрі тиянақты еді, сондықтан басқа аралардан гөрі оған нәр әкелуге көп ұшып барудың сәті түсетін. Оның ұяшығы да тезірек толатын. Бір күні бал жинай жүріп, ол досына ұсыныс жасады:

– Кәне, жарыс ұйымдастырайық, кім балды тезірек толтырады екен?

Досы келісті. Жұмыс қызып жүре берді. Аралар гүлден-гүлге қонып, жиналған нәрді тез арада омартаға апарып, қайтадан оралды. Кішкентай Ара өз ұясына балды құйып жатып, досының балына қарағанда өзінікі көп екенін қуана байқады. Олар омартаға бөрінен кеш оралды да, шаршағандықтан бірден ұйықтап қалды. Ертесіне жұмыс қайта қызып кетті. Кішкентай Ара досының ұясындағы балдың өзінікіне қарағанда көп екендігіне мазасыздана назар аударды. Ол бар күшін жинап тезірек ұшып, балды бұрынғыдан да көбірек жинады.

Кешке шаршап тұрып, ол екі ұядағы балдың теңескенін байқады. Бұл оны біраз тыныштандырды. Бірақ ол ұйқыға жатқаннан кейін неге екені белгісіз, көз іле алмады. Дөңбекшіп жатып: “Қазір біздің ұяларымыздағы бал бірдей, бірақ ертең не болады? Балды аз жинап қалсам ше? Бәрі досым менен жақсы жұмыс істейді деп айтады ғой. Бір нәрсе істеу керек...”

Кішкентай Ара шаршағанын ұмытып атып түрегелді де, ұяға беттеді. Көзге түрткісіз қараңғы болса да, ол өз ұясын жазбай тапты. Онда досының ұясында қанша бал болса, сонша бал бар еді. “Ал егер мен оның ұясына саңылау жасап қойсам қалай болады? Балы ағып кетеді де, жеңіс мен жақта болады.”

Бұл қылмысқа бел байлаған Кішкентай Ара дәл солай істеді. Бірер минуттан кейін досының ұясында саңылау пайда болды. Кішкентай Ара өз орнына оралды да, төтті ұйқыға кетті.

Осы сәтте оның досы оянды. Жан-жағына қарап алып бәрі ұйықтап жатқанын көрген ол ұяға келді. Ол: “Ал егер мен өзімнің бәсекелесімнің ұясына кішкентай саңылау жасап қойсам қалай болады? Балы ағып кетеді де, бәрі ертең менің жеңгенімді көреді.”

Айтылды, бітті! Біраз уақыттан кейін Кішкентай Араның ұясынан алтындай балдың алғашқы тамшысы ағып та кетті.

Таңертең омарта абыр-сабыр болды. Аралар тесілген ұялардың жанына үймелеп, қызбалана сөйледі:

– Мынау не? Кім мұны істеген?

– Ұяны кім тескен? Қараңдар, олар бос тұр, барлық бал ағып кетіпті.

– Ал бұлар кімнің ұялары?

– Кішкентай Ара мен оның досынікі. Байғұстар-ай, олар соншама еңбектеніп еді!

– Олар қайда екен? Шамасы, әлі ұйықтап жатыр-ау, кеше олар бәрінен кеш оралған.

Шуылды естіп, Кішкентай Ара мен оның досы оянып кетті. Ұяға жақындап келген олар бәрін де түсінді. Ұяттан өртеніп кете жаздап, екеуі де омартадан қашып шықты.

Оксана мен Люда мектеп ауласындағы орындықтың екі шетінде отыр. Оларды жасыл желек жамылған ағаштар мен жайқалған шоқ-шоқ гүлдер де қуанта алмады. Көз жастары құрғаған, бірақ көңілде екінші пен ұят бар. Қыздар осылай жасау ойларына қайдан келгенін түсіне алмады. Олар қалай өздері бірге еңбектеніп жасағанды бұзды? Қалай бір-біріне осындай қиянат жасады?

Люда бірінші болып үн қатты:

– Оксана, мені кешір! Өзімнің істегеніме өкініштімін. Мен сенің өлеңді жақсы шығаратыныңды күндедім.

– Сен де кешір мені. Маған тек сені ғана мақтайтындай болып көрінді. Қандай ақымақ болғам! Біз газетті бірге жасадық қой. Менің өлеңдерім сенің суреттеріңді толықтырып тұратын. Бұл – біздің ортақ ісіміз еді, ал біз оны бұздық.

Қыздар құшақтасып, тағы да жылады. Бірақ бұл енді соңынан тыныштық пен жұбанышқа әкелетін татуласу жасы еді. Содан кейін олар қол ұстасып, гүлдеп тұрған бақтағы алаңқайға қарай жүрді. Гүлдердің жанында тоқтап, тұмсықтарын бір гүлге тығып бал жинап жатқан екі араны көрді.

– Оксана, қарашы, – деді Люда, – аралар нәр жинап жатыр, олар оны омартаға тамшылап тасиды да, сол жерде ол балға айналады. Балда көптеген аралардың еңбегі бар. Қарашы, олардың мұны қандай қуанышпен істеп жатқанын.

– Біз де әр түрлі болсақ та, бір нәрсені бірге істеп, бір-бірімізді күндемейтінімізге қуанатын болайық.





## Жағыз көз жасы

Сидоровтар өте жұпыны тұратын, бірақ олардың кішкене ғана екі бөлмелі үйі жылы ұядай еді. Ас бөлме тар болса да, үнемі тәтті иіс шығып тұратын. Балалардың мамасы дәмді бәлішті картоппен немесе тосаппен жиі пісіретін. Үйден әр уақытта адамдар үзілмеуші еді: бірде әкесі көршілермен шай ішетін, бірде мамасының достары қандай да бір тамақтың құрамын білу үшін келетін, бірде Оляның мектебінен қыздар немесе Павлушаның достары келетін. Үйдің иелерін де, қонақтарын да ренжітетін бір ғана нәрсе – Сидоровтардың теледидары өте ескі еді. Бір кездері ол түрлі-түсті болған, ал қазір өте нашар көрсетеді. Ол аз дегендей, кейде дыбысы, кейде бейнелер жоғалып кетеді. Дыбысын шығару үшін жұдырықпен теледидардың үстінен, ал бейнесін шығару үшін қырынан соғу керек-тін. Мынандай да жағдай болады, аяқ астынан бейнесі де, дыбысы да пайда бола қалса, экран бетінен сызықтар жүгіре бастайды. Мұндай жағдайда теледидарды жұдырықтаудың пайдасы жоқ – ол былқ етпей қояды. Үлкен Сидоров зауытта, ал балалардың шешесі балабақшада жұмыс істейді. Олардың жалақылары аз болғандықтан, жаңа теледидар сатып алуды армандамайды да.

Бір күні таңғажайып оқиға болды. Кешке есіктің қоңырауы шыл-

дырлады. Ашып қараса, Сидоровтардың пәтерінің босағасында әкеймен жиырма жылдан бері көріспеген ескі досы тұр. Қолына үлкен гүл шоғы мен торт ұстап алған. Қонақ алдымен әкейді, сосын шешейді бас салып сүйді. Оля мен Павлуша оның өздеріне де жетуінен қауіптеніп, бір шетте тұрған. Оляның жолы болды – қонақ оның қолынан сыпайы сүйді, есесіне Павлушаны төбеге лақтырғанда оның басы шамды сындырып кете жаздады.

Қонақтың аты – Кузьма еді. Бұл есімі де, тіпті фамилиясы да емес. Оның шын аты-жөні – Владислав Алексеевич Кузьменко. Кузьма – әрі қысқа, әрі нұсқа. Ол пәтерді шуға толтырып жіберді, бәрі абыр-сабыр қимылға көшті: шешей пештің жанында көлбеңдеді, Оля мен Павлуша дастархан жаюға кірісті, ал әкей болса, тізесін соғып қойып, қайта-қайта: “Біз көріспегелі қанша қыс, қанша жаз өтті!” – дей берді. Содан кейін бәрі шай ішті, Кузьма бәлішті мақтай отырып, өзінің басынан кешкендерін айтты.

Ол техникумды, содан соң институтты, кейін ағылшын тілінің курсын бітірген, қазір шетелдік ірі фирмада жұмыс істейді екен. Өзі жиі-жиі шетелге шығып тұрады, қызы Англияда оқиды. Сондай-ақ жақсы машинасы, сирек кездесетін, ақылды иті бар көрінеді.

Әңгімесінің соңында Кузьма:

– Білесің бе, Сидоров, саған не айтатынымды? Мен осының бәріне сенің арқанда жеттім. Есіңде ме, мені математика мен физикадан қалай сүйрегенің? Ал химия ше? Мен үшін ол қара түнек еді, ал сен мені үш аптада емтиханға дайындағаның сондай, мен үздік баға алдым ғой.

Сидоров қысыла күлімсіреп, қолын жайды.

– Ал сен ше? Сенің қалың қалай? – деді аяқ астынан Кузьма.

– Менде бәрі жақсы. Жұмыс істеймін, Міне, әйелім Любаша, балаларым да жақсы, Оля – үздік оқиды, скрипкада ойнайды. Павлуша да азамат болды, тіл алғыш бала. Бәрі бар, жақсы өмір сүріп жатырмыз, Құдайға шүкір!

Кузьма орнынан тұрды. Сидоровтардың әрі қонақ бөлмесі, әрі жатын бөлмесі болып есептелетін бөлмеде ары-бері жүрді. Кенет оның көзі теледидарға түскенде, мамонттың тас боп қалған қалдығын көргендей бір орнында қатып қалды.

– Мынау не?

Сидоров ыңғайсызданып қалды:

– Қандай мағынада?

– Бұл қандай ескі прибор? – деп қайталады Кузьма.

Түсінесіз бе, – деп әңгімеге әйелі араласты, – жаңасын сатып



алуға еш мүмкіндік болмады. Бізге осы да жетеді. Ол бар-жоғы бір арнаны ғана көрсетеді. Біз тек жаңалықтарды ғана көреміз.

– Иә-ә... – деді Кузьма.

Ол Сидоровтарда тағы бірер сағат отырды да, қоштасып кетіп қалды.

Екі күннен кейін есіктің қоңырауы тағы шылдырлады. Бұл жолы босағада көгілдір комбинезон мен кепка киген екі адам тұрды. Олар үйге екі үлкен қорап кіргізді. Біреуінде – теледидар, ал екіншісінде – “тәрелке”, анығырақ айтқанда, кез келген теледидар арнасын көрсететін ғарыштық антенна бар екен. Сидоровтар қатты қорықты, бірақ олардың қарсылықтарына комбинезон киген адамдар үлкен Сидоровтың атына төленген квитанцияны көрсетті. Шешей есінен танып қала жаздады, ал әкей ояну үшін ешкімге байқатпай өзін шымшылады. Жұмысшылар антеннаны балконға – шана мен ескі велосипедтің арасына тез құрып берді. Содан соң теледидарды қосып беріп, қоштаса бастады. Шешей оларға 3 сом беруге тырысып еді, бірақ олар сыпайы түрде бас тартып шығып кетті. Осы сәтте телефон шырылдады. Кузьма екен:

– Сидоров, сәлем! Қалай? Саған менің сыйлығым ұнады ма? Бір ай бұрын сенің туған күнің болды ғой, міне, менің сыйлығым осы. Кешір, кешіктіргеніме, есесіне шын жүректен.

Сидоров қызарып кетті:

– Ой, тоқтай тұр, бұл патшаның сыйлығы ғой, мен оны тіпті сенен де қабылдай алмаймын.

– Мазасызданбай-ақ қой, бұл мен үшін түк емес. Мен сол техниканы сататын фирмада жұмыс істеймін. Сондықтан менің ең жақын досымның үйінде “құбыжықтың” болғанын қаламаймын. Болды, әзірше сау бол, менің уақытым жоқ. Любаша мен балаларға сәлем айт!

Сидоров телефонды орнына қойып, жаңа теледидарға жақындады. Оля пультты алып, арналарды ауыстырды. Экран ерекше қанық бояумен құбылып тұр. Дыбысы таңғаларлықтай таза әрі анық еді.

Әкей балконға шықты. Балконға орнатылған тәрелке ескі киімге жамалған жылтыр мата тәрізді. Аулада бір топ көршілері Сидоровтардың балконына үн-түнсіз қарап тұр екен. Әкей қайтадан үйге зып берді.

Осылайша Сидоровтардың өмірінде қалған істерді біртіндеп кейін ысырған басқа әрекет пайда болды. Шешей енді бәлішті сирек пісіретін болды, ол мексикалық сериалдарды көреді. Әкей боевик

пен вестерндер көруді ұнатады, Оля жануарлар әлемі мен қиял-ғажайып киноларды, ал Павлуша мультик көреді. Сидоровтардың отбасында бұлжымайтын заң бар еді – кішкентайлар үлкендерге орын беру керек. Сондықтан Павлуша ең кішісі ретінде теледидарға сирек жақындайтын. Басқалар ең күшті магниттей экранға жабысып отырғанда, Павлуша зерігіп, үйдің ішінде сенделіп жүретін.

Бір күні бала әкесінің тізесіне шығып алып, ковбойлар туралы киноны көріп отырған. Бір уақытта экранда атыс басталып, Павлуша аттың басы астына қайырылып құлағанын көрді. Бала жылап қоя берді. Әкесі мен шешесі ұлын жұбата бастады:

– Жылама, бұл кино ғой. Ат әдейі құлады. Ковбойлардың пистолеті де, оқтары да шын емес. Үй де шынымен өртеніп жатқан жоқ. Ағып жатқан қан емес, бояу. Жылап жатқан артистердің көздеріндегі шын жас емес, су.

Павлуша әкесі мен шешесіне аңтарыла қарады:

– Онда оны не үшін көресіңдер?

Не әкесі мен шешесі, не Оля қалай жауап берерлерін білмеді. Әкесі шешім шығарды: Павлуша теледидарды мүлдем көрмеуі керек. Оны Олямен бірге балалар бөлмесіне қоя берді. Оля інісін қалай алдандыруды білетін. Оны сенбі күні өзенге бірге ала баруға уәде беріп, бес минуттан кейін сериал басталған теледидардың алдына қайтып оралды.

Павлуша бөлмені кезіп ары-бері біраз жүрді де, аулаға шықты. Ол орындыққа отырып, көбелектер мен аралар ұшып жүрген гүлзарға назарын аударды. Бір кезде оның тізесіне қанқыз қонды. Қанқыз өте кішкентай екен, қанаттарында қос-қостан ноқаттары бар. Павлуша:

– Сен қандай кішкентайсың, сенің мамаң қайда?

Бала күрсінді де, мүмкін қанқыздарда да теледидар бар шығар деп ойлады. Оның осы кішкентай жәндікке жаны ашыды. Ол алақанын жайып еді, қанқыз қанатын жайып ұша жөнелді. Павлуша оның соңынан жүгірді.

– Сен қайда кеттің? Тым құрмағанда менімен бірге біраз бола тұршы!

Бала сүрініп кетіп, тізесін жарақаттап алды. Осыншама уақыт ұстаған көзінің жасы да төгіліп кетті.

...Кішкентай Қанқыз алыптан қашып бара жатыр еді:

– Одан қашып кетудің сәті түскені қандай жақсы болды! Қандай дәу әрі қорқынышты еді өзі. Қолдары неткен арбиған, көздері де



неткен үлкен. Ой, ол менің соңымнан ұшып келе жатқан шығар? Жоқ, меніңше, оның қанаттары жоқ.

Қанқыздың үрейленгені соншалықты, ол жолды аңғармастан ұша берді. Қорқынышы басылған сәтте жан-жағына қарап еді, одан бетер қорықты. Ол адасып кетіпті. Маңайы бейтаныс. Ол түймедақ гүліне қонып ал, анасын айғайлап шақыруға кірісті. Оны айналып беймәлім бір қоңыздар мен көбелектер ұшып өтіп жатыр, шегірткелер секіріп жүр. Төменде, шөп арасында әр алуан жәндіктер мен құмырскалар сенделуде. Анасы жоқ, тіпті дыбыс та бермейді. Қанқыз отыра қап жылап жіберді. Күн батуға таяп қалды, ол түнде беймағлұм жерде жалғыз қалатынын зәресі кете ойлады. Ол өзінің жанынан бірнеше рет ұшып өткен Кішкентай Араны шақырды.

Кішкентай Ара бір сәт тоқтай қалды да, қайтадан ұшып кетті. Ол асығып жүр еді. Кештің түсуі таяу, балға тағы бір рет барып келуге үлгеру керек, ал содан соң...

Оны таңғаларлық қызық күтіп тұрған-ды. Әр кеш сайын Кішкентай Ара жатыпішер аралар тұратын омартаның бөлігіне жасырынып кіретін де, олардың әңгімелерін тыңдайтын. Бұл – махаббат туралы таңғажайып оқиғалар еді. Бір күні сондай әңгімені күтпеген жерден естіп қалған ол енді өзін-өзі ұстай алмай мұнда тағы да, тағы да келетін болды.

Жас, әрі өте семіз емес Родриго атты жатыпішер ара жіңішке мұрттарын ширатып, өзінің алғашқы махаббаты туралы әңгімеледі:

– Ах, оның аты Марисабель еді... Одан әдемі есім бұл дүниеде жоқ! Мен оны мамыр айының бірінде серуенге шыққан кезде көрдім. Көрдім де, жүрегімнің мәңгілікке жараланғанын түсіндім. Оның көздері ғажайып, түн сияқты тұңғыық болатын. Мөлдір қанаттары дірілдеп тұрды. Ол гүлден гүлге әсем қимылмен жеңіл қонақтаушы еді. Мен оған жақындап ұшып келдім, ал ол, менің сүйкімді инабаттым, өзінің бетін гүлге жасыра қойды. Мен оны айнала ұшып өзіммен еліктіріп әкеттім. Біз екеуміз қоңыраугүлге ұшып келдік, мен гүлді еңкейтіп едім, шықтың мөлдір тамшылары бізді басымыздан аяғымызға дейін шомылдырып өтті. Марисабель күліп жіберді де, өзінің әсем басын менің иығыма қойды. Мен оның бөлінен құшақтадым, сосын екеуміз билей жөнелдік. Біздің махаббатымыз ұзаққа созылмады, содан соң мен Маргаританы көрдім... Ах, Маргарита!...

Кішкентай Ара демін ішіне тартып, күн сайын осы тәріздес махаббат туралы әңгімелерді сүйсіне тыңдады. Жатыпішер аралар өз қалаулыларымен қалай айырылысқандарын айтқанда ол жылап та

алды. Әңгімелер өте ұзақ болатын, тіпті кей кездері жатыпшерлер әңгіменің ортан бөліне келгенде ұйықтап кететін, ондай кезде көңілі қалған Кішкентай Ара жалғасын тезірек естуді аңсап, ұйықтауға бет алатын.

Бір күні оны жатыпшерлердің әңгімесін тыңдап отырған кезінде құрбысы көріп қойды:

– Сен мұнда не істеп отырсың?

– Тс-с! Ақырын! Тыңдашы, қазір Педро өзінің Раминамен арасындағы махаббат туралы әңгімелеп отыр, мен ақыры оның кімнің қызы екенін білетін болдым.

– Сен бұл әңгімесымақтарды тыңдама! Олардың бәрі өтірік айтады. Қайдағы махаббат? Жатыпшерлер – жалқау әрі мешкей. Олар тек ұйқы мен тамақты ғана жақсы көреді.

– Бірақ олар өздерінің ғашықтары туралы қалай әңгімелейді... – деп Кішкентай Ара қарсылық білдірді.

– Бәрі бос әңгіме. Сен олардың мұндай ғашықтары көп екенін және олардың махаббаты ұзаққа созылмайтынын байқамадың ба? Бұл нағыз махаббат емес.

Кішкентай Ара абыржып қалды:

– Ал қандай махаббат – нағыз махаббат?

Досы Кішкентай Араның көзіне салмақпен қарап тұрып жауап берді:

– Нағыз махаббат қайырымдылық жасайды, басқаларға көмектеседі, қиындықта тастап кетпейді, өзінің мүддесін де, өзін де құрбан етеді.

Кішкентай Ара ойланып қалды. Ол құрбысының дұрыс айтып тұрғанын сезді, бірақ оған ары қарай не болатынын білу тілегінен бас тарту қиын еді. Сондықтан ол ертең соңғы рет тыңдаймын деп шешті. Ол тек Раминаның кімнің қызы екенін білгісі келді.

Міне, Кішкентай Ара балға барған соңғы сапарын да аяқтады. Омартаға ұшып келе жатып, ол жылаған дауысты тағы да естіді. Бұл жылап отырған мұны бірнеше рет шақырған қанқыз еді. Кішкентай Ара оның жанынан ұшып өтіп кетті, балды ұяға құйып, жатыпшерлердің әңгімесін соңғы рет тыңдау үшін өзінің сүйікті орнына беттеді. Сол сәтте аяқ астынан, құрбысының сөздері есіне түсті. “Нағыз махаббат қайырымдылық жасайды, басқаларға көмектеседі, қиындықта қалдырмайды, өз мүддесін құрбан етеді”. Ол шөптің арасында жылап отырған кішкентай Қанқызды ойлады. Кішкентай Ара қатты ұялды. Сәбиге көмектесудің орнына ол жалқау жатыпшерлердің жалған махаббат туралы әңгімесымақтарын



тындауға асығып бара жатыр. Ол бұл уақытта нағыз сүйіспеншілік көрсете алар еді ғой. Ол титтей Қанқызға көмектесуі керек-тін.

Кішкентай Ара омартадан тез шығып Қанқызға ұшып келді.

– Не болды, сен неге жылап отырсың? – деп сұрады.

– Мен адасып кеттім; – деді Қанқыз өкси жауап беріп.

– Сенің үйің қайда?

– Білмеймін. Үйіміздің жанында үлкен қайың өсіп тұрған.

Кішкентай Ара Қанқызды тыныштандырды:

– Жылама, біз сенің үйіңді міндетті түрде табамыз.

– Рас па? – деп Қанқыз үміттеніп сұрап, көзінің жасын сүртті.

Кішкентай Ара оны іліп алды, олар егінжай мен шағын орман арқылы бірге ұша жөнелді. Ақырында Қанқыз өзінің үйі орналасқан қайыңды да көрді. Олар жақындап үлгерместен-ақ қанқыздардың тұтас бір тобы оларды қоршап алды:

– Табылды! Кішкентай Қанқыз табылды! – деп олар қатты айғайлап, оны кезек-кезек сүйіп жатыр. – Сен қайда болдың? Біз сені іздеп, қатты жыладық.

– Мені Кішкентай Ара тауып алды, ол мені үйге алып келді, – деді Қанқыз қуанышы қойнына сыймай.

Оның туыстары алғыстарын жаудырып, Кішкентай Араны сүйе бастады.

– Рахмет саған! Сен қандай жақсысың! Сен біздің сүйікті балапанымызды тауып әкеліп бердің.

Кішкентай Ара оларға қарап қуанып тұрды, ол кенет осының өзі нағыз сүйіспеншілік екенін түсінді.

...Павлуша ақыры жылағанын қойып, жараланған тізесін уқалап, үйге бет алды. Папасы, мамасы және Оля үшеуі теледидардан көз алмай отыр екен. Павлуша мамасын ақырын шақырды:

– Мама!

– Қазір, ұлым, бір минут күте тұр. Қарашы, міне, апай жылап отыр, қазір ағайдың не айтатынын көреміз.

Павлуша алдыға шықты да, теледидарға арқасын беріп, туыстарына қарады.

– Менің жасым – нағыз жас, ал олардікі сү! Менің аяғым ауырып тұр, мен құлап қалдым, менің тіземдегі бояу емес, қан.

Сидоровтар бір-біріне көз тастады. Олардың алдында жылағаннан бет-аузы айғыз-айғыз болған Павлуша тұр еді. Шалбарының жыртығынан жараланған тізесі “мен мұңдалайды”.


Теріс киілген аяқ киімдері екі жаққа қарап тұр. Папасы тұрып, теледидарды сөндірді де, ұлын көтеріп алды:

– Кешір, ұлым, мен қатты толқып тұрмын. Мен сені жақсы көрем!


Сидоровтар антенна мен теледидарды сатып теңізге аттанды. Павлуша өмірінде бірінші рет теңіз суын уыстап алып, жалап көрді:

– Папа! Ол – тұзды су, нағыз су екен!

– Иә, ұлым, ол – нағыз су!







## Леша қалай тинэйджер болды

**Д**ене пішінімді айтпаған күннің өзінде мынау неғылған түр? – деп Леша өзінің айнадағы жүзіне зер салды. – Мұрнымның үсті секпіл-секпіл, құлақ қалқыып, мойын болса сорайып тұр, екі қол да жіп-жіңішке.

Леша қолын бүкті. Бұлшық еті бұлтиып шыға келудің орнына үлкендігі өріктей ғана аянышты қос төмпешік қылтиды.

– Сонымен, бала, сен маған онша ұнамайсың. Шынын айтсам, сен маған тіпті де ұнамайсың – сенің кейпің, жүрісің, есімің және жасың да ұнамайды, – деп Леша сөзін қорытып, орындыққа отырды.

Оның жасы 13-те болатын. – Сен әлі бала да емессің, бірақ ересек адам да емессің. Мамаң бұрынғыдай бетіңнен шөп еткізіп сүйіп, Лешик дейді. Үлкен ағаң жай ғана кекетеді, ал әкесі, шамасы, көңілі қалғандай бұған бей-жай қарайды. Бұ жасқа қойған аттары – жеткіншек, басқа ат жетпей қалғандай. Ал Америкада жеткіншектерді тинэйджер деп атайды. Жағымды естіледі. Ондағы есімдер де біздікінен гөрі салмақтырақ. Сэм, Боб, Алекс – құлаққа жағады.

– Егер Америкада тұрсам, онда мен жеткіншек Леша емес, тинэйджер Алекс болар едім.

Лешаға осы ой әбден ұнады. Ол өзін бастан-аяқ шолып шықты да, киімін ауыстырмаққа бекінді. Үлкен ағасының джинсы шалбарын киіп, белін тартып тұрып белбеумен байлады. Содан кейін ағасының бөтенқесін киіп, бұларды әкесінің жүннен тоқылған кеудешесімен толықтырып еді, ол тізесіне дейін жетті. Шкафтан жазда мамасы саяжайда жұмыс істеген кезде басына байлаған көк байлауышты тауып, көзіне түсіре байлап алды. Сағызын еріне шайнап, Леша айнаның алдынан адымдай жүріп өтті. “Алекс тинэйджер” өзіне қатты ұнады. Қорапқа жинаған ақшасын қалтасына қотарып, аулаға шықты.

– Енді мені бәрі байқайтын болады, – деп ойлады ол.

Оны, расында да, байқады. Бірінші болып аулада жүрген Рекс байқады. Ол желке жүні тікірейіп, абыржи үрді. Жанына жүгіріп келген Рекс Лешаны танып, ыңғайсызданып отыра қалып құлағын қасыды. Әр кез ауладағы орындықта жайғасып отыратын Галя апа шекілдеуіктерін шашып алып, үш рет шоқынды. Аула сыпырушы Федя атай артына айналып қарады да, аузын ашып қалды. Оның қолындағы шлангіден аққан су бірінші қабаттағы Егоровтардың терезесін ұрғылап, пәтеріне лап қойды.

Леша қатты шаттанды – оны байқады ғой! Енді әдетте тинэйджерлер баратын жерге бару қалды. Сөйтіп ол компьютер кафесіне баруға бел байлады. Ол үлкен ағасымен бір рет сол жерде болған. Кафеде компьютерлер мен ойын автоматтары бар, осы заманғы музыка да ойнап тұрады, ал барда коктейльдер сатылатын.

Ол өзіне тартып тұрған күңгірт жаққа қадам басты. Ойын автоматтарының оттары өзіне шақырып көңілдене жылтылдайды. Леша жетон сатып алып, біреуіне жақындады. Бұл автожарыс бейнесіндегі автомат болатын. Леша рульден ұстап ойша жүргізуші болды. Қарсы бағыттағы машиналардың арасынан сытылып шығып, автострада бойымен ағыза жөнелді. Ол жақсы жүргізе алмайтын, сондықтан сынған әйнек пен тормоздың шиқылы жиі естіліп тұрды.

Машинасының күл-талқанын шығарды да, ол ойынды аяқтап келесі автоматқа өтті. Бұл жолы оған десантшы болу кезегі тұрды. Машина жүргізгендегісіндей, оның атысы да онша мардымды болмады, сол себепті бұл ойын да тез аяқталды.

Қалтасында ұсақ ақша әлі сылдырлап жүргенді, Леша бардан бірдеңе сатып алмақ болды. Ақшасы тура бір коктейльге жетеді екен. Түтікпен сора отырып, Леша мамасының компоты бұған қарағанда әлдеқайда дәмді екенін ойлады. Ащы коктейль тамағын қырнап, жағымсыз күйдіріп тұрды.



Кенет оның жанына тері куртка киген, қара көзәйнекті бозбала жайғасты.

– Сәлем! – деді ол. – Сен мұнда бірінші рет келдің бе? Мен сені бұрын көрмедім ғой.

– Мен мұнда ағаммен бірнеше рет болғам.

– Не ішіп отырсың? Коктейль ме? Мүмкін, маған да әперерсің? – деп сұрады бозбала дөрекілене.

– Әперер едім, бірақ ақшам бітіп қалды, – деп Леша қолын жайды.

– Мұндай жағдай маған таныс, дегенмен оны жөндеуге болады. Сен қалай ойлайсың? – деді де, ол Лешаны иығынан қақты.

Леша мұндай достық ниетке массаттанып, басын изеп келісім берді. Ал әңгімеге дем берген жан оларға танысатын уақыт жеткенін айтқан кезде, Лешаның бақыттан басы айналып кетті. Мені де байқайтын, менімен де дос болғысы келетін адам бар екен ғой. Бозбала өзін Сэм деп таныстырды, Леша болса өзінің жаңа атын масаттана атады:

– Алекс!

Оның жаңа танысы достарын шақырып алып, оларға Лешаны таныстырды. Леша әлгілердің ортасында өзін әлдеқандай бір құпия қоғамның мүшесіндей сезінді. Бозбалалар түсініксіз сөздер қолданып сөйлесіп отырды. Леша дым да түсінген жоқ, бірақ олардың айтқандарын түсініп отырған кейіп көрсетті. Жаңа әсерлер мен ішкен коктейлінен басы айналды.

– Киоскіні аламыз, – деді Сэм.

Лешаны еліктіріп, бозбалалар орындарынан тұрды. Леша оларды киоскіден бір нәрсе алғысы, яғни сатып алғысы келген болар деп түйді. Леша орнынан көтеріліп еді, неге екені белгісіз, аяқтары тәлтіректеп кетті. Ол шайқалақтап қалды, мығым жүрмесе де Сэмнің соңына ерді. “Бұл коктейль ішкеннен”, – деп ойлады Леша. Бір квартал жүрген соң, олар тоқтады. Сэм әлдеқандай бір тапсырмаларды берді де, топ үшке бөлініп кетті. Сэм Лешаға былай деді:

– Алекс, менің байқауымша, сен сенімді жігіт сияқтысың! Сен осы жерде тұр, егер күдікті бір нәрсе көрсен, бізге ықырып белгі бер. Сол кафеде кездесетін боламыз.

Леша сыртқы есіктің бағанын қалқалап, бақылауға көшті. Күдікті еш нәрсе болмады. Итін серуендетіп бір әйел жүр. Ымырт үйіріліп кеткендіктен, қоқыс жәшігінің артында жүрген мысықты да әрең байқады. Барлығы жайбарақат болар. Леша осы кезде ғана өзінің ықыра алмайтынын абыржи есіне түсірді. Ол ықырып көрмек

болып еді, онысы ысылдап шықты. Екі саусағын аузына тығып, тағы бір рет ықырып көрді, бірақ ысылға быжылдан басқа ештеңе қосылмады. Кенет ол айғай-шу, аяқтардың дүрсілі мен милиция ықырығын естіді. Бағандардың арасынан жүгіріп жүрген адамдар да көрінді. “Киоскі алудың” мәнісін Леша енді ғана түсінді. Ол мастығынан бірден айығып кетті. “Мен ұрымын! Мен киоскінің тоналуына қатысып жүрмін, – деген ой оның миынан жүгіріп өтті. – Мен оларға ықыруым керек қой. Бірақ ықыра алмаймын және бұған менің қатысымым да келмейді!”





– Мама! Маматай! – деп Леша айғайлап жіберіп, бар пәрменімен каша жөнелді.

Кең шалбары далақтап, оған кедергі жасады. Ағасының үлкен бәтеңкесі көпірдің үстінде тарсылдағаны сонша, шамасы, қаланың барлық милиционерлері оның тарсылын естіген болар. Байлауышы көзіне түсіп кетті, сондықтан ол жолды айырмастан жүгіре берді.

Леша өзінің адасып кеткенін білген кезде ғана есін жиды. Ол тұрған қараңғы көше кішкентай әрі тар екен. Алдыға жүріп, оңға бұрылды да, көліктер зуылдап жатқан көшеге шықты. Оның жанынан бесінші автобус өтіп бара жатты. Леша бұл маршруттың қайда баратынын білмейтін. Аялдамада тұрған адамдардан сұрастырып, өзіне қажетті автобусты тауып алды да, өліп-талып үйіне әрең жетті. Өзінің қайда екенін ешкім білмейтінін, сондықтан үйдегілердің қорқып жатқанын ол білді. “Маматай, кешіре гөр, мен енді бұлай істемеймін!” – деп нығарлады ол іштей. Кенет оның маңдайына ұшып келе жатқан ара соғылып қалды. “Түннің ортасында ұшып жүрген неғылған ара? Бәлкім, ол да адасып кеткен шығар?” – деп ойлады ол.

Барлығы Кішкентай Араның автобус аялдамасында екі жасөспірім қызды көруінен басталған-ды. Олар қала сыртындағы кішкентай ауылдардағы көптеген басқа да қыздар тәрізді арық, ұзын сирақты кәдімгі қыздар болатын. “Көрдің бе, қалаға аттанбақ,” – деп ойлады Кішкентай Ара. Қыздардың біреуінің шашында алқызыл раушан гүлі қадалған көкшіл лента көз тартып тұрды. Кішкентай Араны өзіне тартқан оның хош иісі болатын. Ол ұшып келді де, тұмсығын гүлдің ішіне қадады. Қызғылт нәрдің дәмі қайталанбас нәзік еді. Оған беріліп кеткен Кішкентай Ара автобустың қалай келіп қалғанын, өзінің қыздармен бірге кетіп бара жатқанын байқамай да қалды. Ол тіпті автобустың орнынан жылжып, аялдамадан ұзап кеткенін де сезбеді. Кішкентай Ара гүлден басын көтерген кезде ғана өзінің әлдебір жаққа кетіп бара жатқанын түсініп, шошып қалды, бірақ қыздарға көз тастаған ол өте қызық жағдайдың болып жатқанын көріп, дүниенің бәрін ұмытты. Қыздар жаңа түрге еніпті. Тізелерінің үстінде әдемі қорапшалар мен таяқшалар жатыр. Осы заттардың көмегімен олар өздерінің беттеріне әлдене істеуде. Кішкентай Араның көз алдында олар кәдімгі қыздардан ересек сұлуларға айналды. Көздерінің маңайында көгілдір рең бар. Кірпіктері ұзарып, қалыңдап шыға келген. Беттері аппақ болып ұштары ғана қызарып, еріндері қызғылт жылтыр түспен жарқырайды. Енді Кішкентай Ара оларды бір-бірінен айыра алмай қалды. Біркелкі маска киіп

алғандай олар бір-біріне соншама ұқсайтын. Кішкентай Ара арбалып қалғандай олардан көз ала алмады.

Сұлулар заттарын жинап, автобустан шыққан кезде солардың соңынан ұшты. Қыздардың ізінше есіктен зу ете қалған ол шулы, кең залға тап болды. Музыка ойнап тұрды, үстелдердің жанында бірдемелерді ішіп-жеген адамдар отыр екен.

– Сәлем!

Артына жалт бұрылған Кішкене Ара өзінің ескі танысын – Шыбынды көрді. Кішкентай Араны бұл кездесуге қуанды деп айтуға болмас, дегенмен бөтен жерде өзі білетін біреудің бар екені оны аздап тыныштандырды. Шыбын даңғырлап:

– Сені біздің өлкемізде көргеніме қуаныштымын! Әйтпесе өзіңнің жерінде егіс пен омартадан басқа ештеңе көрмейсің! Қалаға шығып кетуге қолың қалай жетті? – деп жалғастырды әңгімесін.

– Кездейсоқ, – деп жауап берді Кішкентай Ара, – мен ұзаққа келген жоқпын, қайтатын уақыт болды.

– Саған не болды? Үлгересің. Бері кел, мен саған сый-сияпат көрсеткім келеді, – Шыбын Кішкентай Араны бардың алдына қарай сүйреледі. – Өзіңе ұнаған нәрсені таңдап ал. Міне, қара, жеміс-жидектер, тәтті нандар, сусындар. Өне, оң жақта “махаббат армандары” атты коктейль тұр, саған ішуге кеңес беремін.

Кішкентай Ара шетіне қанттың түйіршіктері себілген биік жұқа стаканды көрді. Шайқалған қаймақты ақ көбіктің астында ұшқындаған сусын алаулайды. Стаканды лимонның бір тілімі безендіріп тұр, ал түтікке кішкентай қағаз қолшатыр кигізілген. Шыбын стаканға ұшып барды да, шетіне отырып, тұмсығын шайқалған қаймақтың көбігіне батырды.

– Мұнда кел! – деп шақырды ол.

Кішкентай Ара екі ойлы боп біраз тұрды, бірақ стаканның ішіндегісі оны өзіне тартты. Шыбын қаймаққа тойып алып, сусынға да жетті.

– Ей, Кішкентай Ара! Сен мені сыйлайсың ба? – деп тағы бақырды ол.

– Бері кел, ақысы төленген, мен сый-сияпат көрсетем.

Жақындап ұшып келіп, Кішкентай Ара стаканның шетіне отырды. Қаймақтың ақ көбігінің үстінде хош иісті нәрдің бір тамшысы алаулайды. Кішкентай Ара дәмін татып көріп еді, ащы екен, аузын күйдіріп жіберді. Лимонның дәмін көрді де, Кішкентай Ара тағы тыржиды – қышқыл әрі дәмсіз екен. Шыбынның нәрден құмарлығы қозып, стакандардың әрқайсысына ұшып-қонумен жүр. Содан соң



ол айғайлап, Кішкентай Араны жеміс-жидектердің дәмін көруге шақырды.


– Кішкентай Ара! Кел бері! Қарашы, мұнда банан, ананас, апельсиндер бар. Сен өз аулыңда мұндайларды көрген емессің. Дәмін тат!

Шыбынның қимылы біркелкі емес, баяулап қалған. Аяқтары қисайып кетіпті, көздері әр жаққа қарап тұр. Онымен қоймай, ол қырағылықты жоғалтып алды. Бананның нәрін сорып жатқан ол барменнің орамалды алып, бар пәрменімен өзін соққанын байқамай да қалды.

Кішкентай Ара бұл көріністі үрейлене бақылады. Ол байғұс Шыбынға еш көмек көрсете алмады. Ерсілі-қарсылы ұшып жүріп, ол шығатын есікті әрең тауып алды да, безіп кетті. Кішкентай Ара: “Ешқашан өз омартамды басқа орынға айырбастамаспын. Ана масайтқыш нәрден маған гүлдің беретін нәрі артық. Ол еш жақсылыққа апармайды. Шыбынның басынан өткен оқиға қандай қорқынышты! Ол бөтеннің сусынын ұрлағаны үшін жазасын алды. Менің де ол іске қатысқаным қандай ұят!”

Кішкентай Ара таныс емес қаланың қараңғы көшелерімен ұзақ ұшты. Ол өзінің адасқанын және енді туған омартасына қайтар жолды табу керектігін түсінді. Дегенмен еш нәрсеге ұшырап қалмай, омартаға жетудің сәті түсті. Бір рет қана ол жол үстінде беті ауған жаққа безіп бара жатқан баламен соғылысып қалды. “Ол да адасып кетті ме екен?” деп ойлады Кішкентай Ара.

Үйде ашық терезенің алдында Лешаны мамасы күтіп тұрды, ал омарта маңында Кішкентай Араның көптеген туысқандары топырлап жүрген-ді. Кімді жақсы көрсе, соны үй іші әрдайым күтіп отырады, әсіресе, адасып кетсе. Нағыз сүйіспеншілік үшін сенің құлағыңның немесе бұлшық етіңнің қандай екені маңызды емес. Сені жақсы көретін адам үшін басқаша болудың қажеті жоқ. Қандай болсаң, сол қалпыңда бол!





## Ақырған Арыстанның Жолдауы

Кирилл қолындағы фотосурет салынған пакеті мен қайтарылған ақшасын алып, фотокиоскіден аулақтау шықты. Ақшасын санап еді, он сомдай бар екен. Кирилл мамасының мектептегі тамаққа берер ақшасынан үнемдеп, сәрсенбі күні жаңа пленка сатып ала алатынын мөлшерледі. Кенет оның жеңінен біреу ұстай алды. Кирилл артына қарап, тілі күрмеліп қалды – Антон екен. Содан соң бәрі әдеттегідей болды. Антон:

– Шетке шығайық, әңгімелесу керек, – деді.

Ол Кирилді киоскінің артына сүйреп апарды да, арсыз түрде жымыып, құлағына ысылдай сөйледі:

– Не істеу керектігін айтайын ба, әлде өзің түсінесің бе?

Кирилл қалтасынан ақшасын алды да, қанаушысына үн-түнсіз ұсынды. Анау ризалықпен мырс етіп, Кирилді бетінен қағып қойып, бұрышты айнала бере жоқ болды.

Кирилл ыза мен қорлықтан жарылардай боп үйге беттеді. Міне, Антон осымен үшінші жыл мұны қанаумен келеді. Алғашында ол қарызға алған, содан соң тағы да, тағы да... Кирилл қарызды қайтарып алғысы келетіні туралы айтып көрейін деп еді, Антон оған ештеңе қарыз емесін айтты. Бұл аз болғандай, ол енді Кирилден



ақшаны үсті-үстіне алатын болды. Егер Кирилл қарсыласа қалса, Антон оның қолын бұрап тұрып, қалталарын тінтіп шығатын. Кирилл өзінің әлсіздігіне намыстанып, сотқарға жол беретін. Міне, сөйтіп әр кездесу сайын өзіне-өзі кейіп әрі жәбірлеушіге ызаланып, оған ақшаны үнсіз ұсынады.

Үйге келіп, Кирилл тыныштық алу үшін Киелі кітапты қолына алды. Ол өз тәжірибесінен Жазбаның мәселеге басқаша қарауға көмектесетінін, тыныштандырып жігер беретінін білетін. Қазір де ол ыза мен ашынудың үміт пен тыныштыққа орын бергенін сезді. Ол елші Петірдің 1-жолдауынан мына жолдарды оқыды: “Барлық қам-қарекеттеріңді Оған беріңдер, өйткені Ол сендердің қамдарыңды жейді”. Кирилл қайта-қайта душар болатын осынау жағдайды өздігінен шеше алмайтыны жайлы ойлады. Бірақ Мәсіх оның мәселелерін біледі. Кирилл Тәңірге арысыз тонаушыдан қорғауын етініп сиынды. Сиынып болып, оқуын әрі қарай жалғастырды: “салауатты да сергек болыңдар, өйткені біздің қарсыласымыз – шайтан ақырған арыстандай кімді жұтсам екен деп шарқ ұрып жүр. Бұндай азаптарды осы дүниедегі бауырларың да бастан кешіретінін біле отырып, оған нық сеніммен қарсы тұрыңдар”.

“Мына Антон менің соңымнан тура ақырған арыстандай еріп жүр. Ол, әрине, шайтан емес, бірақ оның істегені жиіркенішті қылмыс екені соншалық, Антонды шайтанға қызмет етіп жүр деп есептеуге болады. Маған қалайша салауатты да сергек болу керек? – деп ойлады Кирилл, – Антон келіп қалмады ма екен деп жан-жағыма жалтақтап жүру ме? Әлде оның тап беруін әрқашан күтіп жүрейін бе? Немесе онымен кездесіп қалатынымды алдын ала біліп, өзіммен бірге ақша алмай жүрейін бе?”

Бала өз сұрақтарына жауап таба алмады. Бірақ Киелі кітап оқып, дұға еткеннен кейін оның жүрегі жай тапқандай болды.

“Әйтеуір бір кездері Мәсіх мені бұдан құтқаратын болады” деп шешті ол.

Киелі кітапты былай қойып, ішінде фотосуреттері бар конвертті алды. Суреттер көз тартарлық ғажайып әдемі еді. Көктемде 15 жасқа толғанда папасы оған өзінің фотоаппаратын сыйлағанды. Бұл көне, бірақ өте жақсы, нағыз әйнек оптикалы аппарат. Комплектіде микротүсірімдерге арналған бірнеше объектілер бар болатын. Объективтің көмегімен ұсақ денелерді үлкейтіп түсіруге болатын еді. Міне, қазір Кириллдің алдында екі ай бойғы жұмысының нәтижесі жатыр. Ол өзі түсірген суреттеріне қуанып қалды. Міне, бір кесек мұз астында нәзік те көңіл тебірентер бәйшешек жатыр.

Міне, алғашқы қанқыз қанатын жайып тұр. Мынау өзі саяжайдағы бақшадан қазып алған мамыр қоңызының қорқынышты құрты. Гүлдер, шөптер, жәндіктер – бәрі ірі, жақын әрі анық.

Ал мынау ең ғажайып сурет! “Құмырсқа арыстанының” портреті. Кирилл жәндіктер әлемінің осы таңғаларлық өкілі тығылып жатқан шұңқырдың жанында тасаланып қаншама уақыт жатқанын есіне түсірді. Құмырсқа арыстаны құмнан шұңқыр жасап алып, аңдып жатады да, құмның жиегімен өтіп бара жатқан алаңғасар жәндіктерді құммен атқылай бастайды. Жәндік шұңқырдың ішіне, тура жыртқыштың азуына түседі. Кирилге дәл осы сәтті суретке түсіріп алудың сәті түсе қалды. Үрейлі фильмдегідей қорқынышты алып аң суреттен қарап тұр. Бала бұл аңның шеңгеліне құмырсқаның түсуі қандай қорқынышты екенін ойлады.

“Жәндіктер әлемінің ақырған арыстаны, міне, сен қандайсың! Сен екеуімізге тағы бір рет кездесу керек еді” деп ойлады Кирилл.

Келесі күні, бұл сенбі болатын, фотоаппаратын алып, бала өзінің таңғажайып сурет түсірген жеріне аттанды.

...“Құмырсқа арыстаны” тасада отыр екен. Ол өзі құрған торға ешкімнің түспегеніне қатты долданды. Әлдеқашан қарны ашқан ол жанынан семіз шыбын-шіркейлер мен тәбет ашар құрт-құмырсқалардың қалай ұшып немесе жорғалап өтіп жатқандарын ашкөздікпен бақылап отырды. Семіз шыбындар мұны қорлай ызыңдап, төбесінде айнала ұшып жүр. Балдан ауырлаған аралар ұшып өтіп жатыр.

– Ей! – деп айғайлады ол. – Өтіп кетпендер!

Бірақ аралар тым биікте ұшып бара жатқандықтан оны естіген де жоқ. Осы кезде құмырсқа арыстанына бір ой келді: “Егер мен омартаға қорқытып хат жіберсем не болар еді? Аралар қорқады да, өздері-ақ жылпыл қағып бал жіберіп тұратын болмай ма?!”

Құмырсқа арыстаны тырналап жолдауын жазды:

“Ей, аянышты аралар! Мен, Арыстан, сендерге әр күні таңертең маған алым-салық ретінде бес грамм бал әкеліп тұруларыңды бұйырам. Егер сендер таңертеңгі сағат тоғызда менің ініме балымды әкелмесеңдер, онда қорғана беріңдер! Сазайларыңды тартасыңдар!

Қанқұмар және аяусыз Ақырған Арыстан!”

Амалын тауып, ол жанынан секіріп өтіп бара жатқан шегірткенің сирағынан шап беріп ұстап алды да:



– Сен ұзын сирақ жасыл кемтар, мені жақсылап тыңдап ал! Мына хатты тез арада омартаға жеткіз. Ана жексұрын араларға менің қалжындамағанымды айт. Бал ертең-ақ осында болатын болсын! Айтарым осы!

– Өлердей қорыққан шегіртке омартаға секіріп барып, хатты араларға берді. Омарта абыржи гүлдеді. Аралардың пікірлері екі жақты болды: біреулері арсызға еш алым төлемейтіндерін айтты, басқалары күніне бес грамм бал түк емес екенін мақұлдады. Ақыр соңында пәледен аулақ болу үшін балды беріп тұру керек деген тоқтамға келді.

Таңертең екі ара балды гүлдің жапырағына орап, құмырсқа арыстанының ініне әкелді де, шұңқырға тастай салды. Олар бал оралған орауыштың қорқынышты қармалауыштарға оралып, демнің арасында құмға қалайша жоғалып кеткенін үрейлене бақылады. Қорқыныштан дірілдеген олар көрген-білгендерін омартаға келіп айтып берді.

Аралар бірнеше күн бойы “Арыстанның” ініне бал тасып жүрді. Бірақ бір күні омартаға шегіртке тағы бір жолдау әкелді. Онда: “Сендерге менің ініме балдан басқа он грамм гүл тозаңын әкелуді бұйырам. Егер орындамасандар, сендерді қатаң жаза күтіп тұр! Қанқұмар және аяусыз Ақырған Арыстан.”

Хатқа жағы мықты және қармалауыштары үрейлі қорқынышты құбыжық – Арыстанның суреті салыныпты.

Аралар кеңесті де, оған тозаңды да беруге келісті. Бірнеше күн оларды ешкім мазалаған жоқ. Алайда содан кейін үшінші жолдау келді: “Мен, сендердің әміршілерің әрі билеушілерің, сендерге бал мен тозаңнан басқа балаларың мен піллеларыңды әкелуге де бұйырам. Егер бұйрығымды орындаудан бас тартуға батылдарың барса, сазайларыңды тартқызам! Қанқұмар, аяусыз Ақырған Арыстан”.

Омарта абыр-сабыр болды. Аралар ашулана гүлдесті:

– Піллә?! Ол піллеларды балаларымызбен бірге беруді бұйырып жатыр ма? Жоқ, бұл болмайды!

– Бірден-ақ оған бағынудың қажеті жоқ болатын, оған балды да беру қажет емес еді.

– Оған шабуылға шығайық! Өз балаларымызды бұл құбыжыққа жем етіп бергенше өлген артық!

– Ханымға айту керек!

– Оған бірінші хатты алған кезде-ақ айту керек еді.

– Бірақ біз оны ұсақ-түйекке бола алаңдатпайық дедік қой.

— Ал қазір көріп тұрсыңдар ма, мұның ақыры неге әкеліп соққанын? Ұсақ-түйегің шешілмейтін үлкен мәселеге айналды.

Аралар топтасып, Ханымға қарай ұшты. Олар оны қатты құрметтейтін әрі жақсы көретінді. Ханым омартадағы ең басты ара еді, аралардың барлық жанұясы онымен тығыз байланысты болатын. Бір кездері оның айналасында ұяларда тұратын сан мыңдаған жанұяға айналған омарта құрылған-тын.

Ханым қоқан-лоққы жасаған хат пен алым-салық жайлы, омарта душар болған қауіп-қатер туралы естіген кезде былай деді:

— Біз — еркін аралармыз. Тіпті ең қорқынышты дұшпанға да алым-салық төлеуге міндетті емеспіз. Сендер хат туралы бірден айтуларың керек еді, мен сендерге біздің балымыз бен тозаңымызды ол оңбағанға тасуға жол бермеуші едім. Бірақ енді мынадай шешім қабылдаймын: ол енді ешқандай алым-салық алмайды. Мен жүздеген күшті және батыл аралардан Қайсар Топ құруды ұсынамын. Осы Топ дұшпанның ініне бет алады және оны інінен алып шығуға тырысады. Егер дұшпан қарсы шабуылға шығып, күш тең болмай, оның бел алып бара жатқанын көрсек, бүкіл омарта Қайсарлар Тобына көмекке келеді. Шайқасқа аттаныңдар! Алға!

Кішкентай Ара алға шықты:

— Мен де жаудың ініне аттанамын!

Ханым жымыып, Кішкентай Араны басынан сипады:

— Сен мұндай шайқасқа қатысуға әлі кішкентайсың. Сенің үлкен ағаларың мен әпкелерің бар. Ал егер керек болса, сен оларға көмектесе аласың.

Қайсарлар Тобы Ақырған Арыстанның ініне аттанды. Олар қанаттарын қомдап, жинақталып, қайраттана ұшты. Міне, олар өздері бірнеше күн алым-салық тасыған орынға да келіп жетті...

Кирилл барлық шыбын-шіркейдің, құрт-құмырсқалардың және басқа да жәндіктердің қорқынышты жауы тасаланып отырған құмдағы інді әрең тауып алды. Екі жіңішке шыбық алып, оларды құмырсқа арыстанының ініне абайлап түсірді. Бірер секундтан кейін шыбықтардың ортасында құртқа ұқсас кішкентай жәндік әлсіз ирелеңдеп, жанталасып жатты. Суреттегі үрейлі қармалауыштар мен арандай ашылған ауыз шын мәнісінде титтей, тіпті де қорқынышты емес еді.

— Сәлем, ақырған арыстан! Шын мәнісінде, сен арыстан емессің, аянышты құрт қанасың. Сенің шын өлшемінді білмейтіндер ғана сенен қорқуы мүмкін. Білесің бе, досым, сен маған адамзат жанының



дұшпанын еске түсіресің. Ол адамдарды өзінің зор, күшті екеніне иландырады. Бірақ Мәсіх одан да үлкен әрі күшті.


Кішкентай Ара Қайсарлар Тобының соңынан ұшты. Ол шайқастың болатын-болмайтының көргісі келді, егер қажет болса, көмекке бірінші болып ұмтылмақшы. Ара қашықтықты сақтай отырып, Топ-



тан біраз жер артта келе жатқан. Жақындап келген ол маңызды бір нәрседен құр қалғанын түсінді. Ең дұрысы, шайқас болмаған тәрізді. Бірақ адам нанғысыз бірдеңе болған, өйткені бүкіл Топ... қарқылдасып күлуде. Кішкентай Ара Арыстанның іні жағына көз тастады. Оның жанында бір бала ирелендеген құртты екі шыбықтың арасына қысып ұстап тұр екен. Зер сала қарап, Кішкентай Ара омартаға қоқан-лоққы жасап хат жазған сабазды таныды.

– Міне, сен шын мәнінде қандайсың, Ақырған Арыстан! – деп күлді ол.

Қуанышты Кирилл өзін еркін сезініп үйге келе жатты. “Менде Мәсіх бар. Онымен бірге мен кез келген күресте жеңіске жете алам. Мәсіх шайтанды жеңді, ал енді жеңілген жау жаңағы құмырсқа арыстаны сияқты інінде отырып алып, мені қорқытуға тырысуда. Ол менің әлсіздігіме және өзінің күшіне сендіру үшін Антонды қолданды. Бірақ мен өзімдегінің, яғни Исаның осы дүниедегіден күшті екенін білем. Құдай шайтаннан күшті! Мәсіхпен салыстырғанда жау аянышты құрттай ғана. Антонға мен өзімнің Құдайдың баласы екенімді, менің қорғаушым Иса Мәсіх бар екенін айтамын, – деп шешті бала. Құдай менің жағымда, мен кімнен қорқам?”







## Жатыпшырлер көтөрілісі

Алена мен Галя бала кездерінен бері дос. Олар балабақшада бірге болып, мектепке де бірге барды, бір партада отырып, демалыс күндері мен каникулды да бірге өткізетін. Екеуі тіпті бір-біріне ұқсас еді: танаулары тәмпіш, сұрғылт көзді, сары шашты. Олар жақсы оқиды. Аленаға тарих, әдебиет және география ұнайды, музыка мектебіне барып, өлеңді жақсы айтады. Галя математиканы көбірек ұнататын, құрбысынан гөрі салмақтырақ, орнықтырақ. Алтыншы сыныптан кейін олар каникулды бөлек өткізді – Алена ата-анасымен теңізге кетті, ал Галя мәсіхшілер лагеріне аттанды. Лагерьден кейін Галя жексенбілік мектепке барып, Киелі кітап оқитын болды. Ол Аленаға Мәсіх туралы айтып, қауымға шақырды. Алена бірнеше рет Галямен жексенбілік мектепке барды. Оған ол жерде ұнады, бірақ жексенбі күні, неге екені белгісіз, Аленада одан гөрі маңызды істер пайда болатын: бірде қонақтар кеп қалады, бірде саяжайға бару керек, бірде оның қатысуымен концерт болып қалады. Ал қазан айында ол бір “пәлеге” тап болды: “жедел жәрдем” оны соқыр ішек деп ауруханаға алып кетті. Операциядан кейін асқындырып алды да, Аленаға ауруханада екі ай уақытын өткізуге тура келді. Тіпті жаңа жылда да оны үйіне жібермеді. Қаңтарда екінші рет операция жасалған соң ғана Алена тәуір бола бастады.

Қысқы каникулдан кейін жүдеу, боп-боз Алена мектепке келді. Бірінші сабақта-ақ ол өзінің көп артта қалып қойғанын түсінді. Тарих, география, әдебиеттен ілесе алғанымен, математика, физикадан халі тым нашар еді. Ол сабақта отырғанымен, ештеңе түсінбеді. Галя оған көмектесуге кірісті. Әр кеш сайын ол құрбысына келетін және екеуі оқулықтармен түнге дейін отыратын. Алена математикаға әрең үлгеретін, оған бұл формулалар мен теоремаларды еске сақтау еш мүмкін емес тәрізді көрінді. Галя есептерді шешу мен графиканы сызудың оңай жолдарын Аленаға түсіндіруге бар күшін салып бақты. Бірақ досының миына ештеңе қонбады. Галя кете салысымен-ақ Алена дәптеріне көшіріп алатын.

Галя уақыт өте келе досының тапсырмаларды өзі шешетініне сенді. Тез шаршап, жиі жылайтын Аленаға оның жаны ашитын.

Бір ай өтті, екінші ай... Бір күні Галя Аленаның тапсырманы қалай шешуге болатынын түсінуге тырыспайтынын аңғарды. Ол Галяның түсіндіргенін күтіп отырады да, шешуін дәптерге көшіріп ала салады.

– Алена, – деді құрбысын ренжітпеуге тырысқан Галя, – менің байқауымша, саған айтқандарымды түсінгің келмейтін сияқты. Сен жай ғана шешуін көшіріп алғың келеді.

Алена шырты ете қалды:

– Енді не істеуім керек? Мен бәрібір ештеңе түсінбеймін.

– Саған қиын екенін білем, бірақ көшіруге болмайды. Бұл тапсырманы өзің шешуге тырыс. Аздап күш сал, бөтеннің еңбегін пайдаланба. Мен саған көмектескім-ақ келеді. Бірақ мұндай көмектің саған пайдасы жоқ. Емтиханда мен сенің жаныңда болмаймын. Сонда менен көшіргенің бәріне де белгілі болады. Сенің де, менің де өтірігіміз ашылады. Мен күнә жасағым келмейді. Кешір, мен мұны ертерек түсіне алмадым. Өз көмегіммен саған тек зиян келтіріппін, – деп Галя шимай дәптерді алып, орнынан тұрды да, қоштасып кетіп қалды.

Жалғыз қалған Алена қатты ашуланды: “Ол не ойлайды? Құдай алдында күнә! Бұл күнә ма? Мен ешкімді өлтірген жоқпын, ештеңе ұрлаған жоқпын! Галя маған көмектескісі келмейді. Ол тек өзін мақтасын деп тұр.” Кітапты жауып, ол телефонды алып, Иранның нөмірін терді.

– Сәлем! Бұл – Алена. Білесің бе, Ира, бүгін Галя маған бұдан былай математикадан көмектеспейтінін айтты. Ол маған емтиханға өзің дайындал деді.



Мүмкін емес! – деді трубкадан. – Онымен қоймай дос деп ата-лады.

– Осыдан кейін ол маған қалай дос болады? Нағыз дос қиыншылықта тастап кетуші ме еді.

– Расында да! Аурудан кейін саған қиын екенін ол шынымен түсінбей ме? Одан мұндайды күтпеп ем.

Трубкины қойып, Алена Машаға, одан кейін Оляға телефон шалды. Соңында Таня Максимованың нөмірін терген кезде, ол бәрін білетін болып шықты. Ол да басқа қыздар сияқты Аленаны барынша аяп, Галяны айыптады.

Келесі күні мектепте Галямен ешкім сөйлеспеді. Тіпті ұлдар да мұндай қорқынышты жаңалықты естіп, Галядан теріс айналды. Ол қатты уайымдады, бірақ өзінің дұрыс істегеніне сенімді-тін.

Тоқсан соңында сынып геометриядан бақылау жазды. Тапсырма өте күрделі болды. Әсіресе, бір тапсырманы Галядан басқа ешкім шеше алмады. Сабақ бітуге таяп қалған. Галя жұмысын аяқтап, дұрыстығын тексерді. Бір кезде оның партасының үстіне бір қағаз топ ете түсті. “Галя, тапсырманы көшіруге берші!” Дима Петров бұл өзі екенін білдіру үшін сызғышпен Галяның арқасынан түртті. Галя артына бұрылып:

– Бере алмаймын! – деді.

Жан-жағынан оған сыныптастарының ызалы көздері қадалды. Қоңырау соғылып, мұғалім дәптерлерді жинап алып шығып кетті. Барлығы өз орындарында отыр. Петров тұрып, тақтаға шықты да:

– Ал енді бізге көшіруге неге бермегеніңді айтшы! Сенен басқа біреудің бес алғанын қызғанасың ба?

– Мен бере алмаймын, өйткені бұл – күнә.

– Қандай күнә? Тапсырманы көшіру күнә ма?

– Бұл ұрлап алумен бірдей.

Петров ашуланды:

– Сен оны қайдан таптың? Егер мен көшірсем, мен ұры болып шығамын ғой? Солай ма?

– Иә, – деп жауап берді Галя.

– Жарайды, солай-ақ болсын, – деп келісті Петров. – Бірақ онда сенің не шаруаң бар? Сен емес, мен күнә жасап тұрмын ғой. Сенің оған нең кетті?


Егер мен саған күнә жасауға көмектесем, мен де күнә жасаймын.

– Бері қара, – деп жалғастырды Петров, – барлық адамдар күнә жасайды, кейбіреулер көп, кейбіреулер аз. Бұл сен үшін соншалық

маңызды ма? Сен өзіңнің ең жақын досыңмен ренжістің, ал қазір бүкіл сыныппен қарым-қатынасыңды үзгің келеді. Сондай титтей күнә үшін сен көп нәрсені жоғалтасың. Неге екенін айтшы?

Галя сыныптың ортасына шықты да, былай деді:

– Менің барлық күнеларым үшін Иса Мәсіх құрбан болды. Сендер үшін де. Ол айқышта өлер кезде біздің тілазарлығымыз, өтірігіміз,





өркөкіректігіміз үшін азап шекті. Ол бізді барлық жамандықтан, Құдаймен ажыратып тұрғанның бәрінен тазарту үшін өлді. Мен Иса Мәсіхті жүрегіммен қабылдадым. Құдаймен арамыздағы кедергі жойылды. Енді мен оны өз қолыммен қайтадан тұрғызым келмейді. Мен сендерге де күнәнің қауіпті екенін ескертпей тұра алмаймын. Сендер тіпті бәрің менен теріс айналып кетсеңдер де, мен сендерді күнәға апаратын нәрсеге қатыспаймын.

Сыныпта бұрын болып көрмеген тыныштық орнады. Алена орнынан тұрып, Галяға жақындап келді:

– Кешір мені. Сенің нағыз достарша істегеніңді мен енді ғана түсіндім.

– Жарайды, құшақтасқандарың жетер. Галя, бұл тапсырманы қалай шешу керектігін айтшы?

– Ол өте оңай шешіледі, – деп жауап берді Галя көзінде жас тұрса да жымып, – қараңдар.

Сызбаны сызып жіберіп, Галя бірнеше минут бойы сыныпқа тапсырманың шешуін түсіндірді. Петров Галяның қалайша оңай және тез шешкенін көрген кезде өзін ұстай алмай маңдайынан ұрғылады. Барлығы мектептен тобымен шықты да, ұзаққа дейін тарамды. Петров Галяға бүкіл сыныпқа математикадан емтиханға дайындалуға көмектесуін сұрады. Бәрі қоштасып тараған соң, ол Галя мен Аленаны қуып жетіп:

– Мен Иса Мәсіх туралы оқығым келеді. Сенде Киелі кітап бар ма? – деп сұрады.

Галя қуана күлімсіреді:

– Әрине, бар! Мен саған ертең әкеп беремін.

Алена Галяның жанында үндемей келе жатты.

– Алена, сен не ойлап келесің? – деді құрбысы.

– Есіңде ме, биологияда омартаның құрылысы мен аралардың өмірі туралы сабақ болып еді ғой. Мен өзімнің жатыпішер болғым келгенін түсіндім. Жұмысшы аралар жатыпішер араларды асырайды, ал жатыпішерлер омартада тұрады, ұйықтайды, тамақтанады, ал өздері жұмыс істемейді. Маған аралардың жатыпішерлерді омартадан қуып шығатыны өте қатал болып көрінген. Сен маған тапсырмалардың шешуін көшіріп алуға рұқсат бермегенде де бұл маған қатыгездік, әділетсіздік сияқты болып көрінді. Ал қазір мен сенің дұрыс істегеніңді түсіндім. Менің жатыпішер болғым келмейді. Пайдалы, жақсы нәрсе істегім келеді. Менің де күнә жасағым келмейді. Тағы сенен сұрағым келетіні, осы жексенбіде сенімен бірге қауымға барсам бола ма?

Әрине! – деді Галя қуана жауап қайтарып.

Сөйтіп, қыздар қол ұстасып, қысқы ұйқыдан оянған, көктемгі жылылық пен сергектік лебі ескен саябақ алаңымен жүгіре жөнелді.

– Саған қонақ келді, – деді тәрбиеші-ара Кішкентай Араға.

Ол омартадан шығып, әріректе сабанға сүйеніп тұрған Шыбынды көрді.

– Сәлем, шырайлым! – деп қырылдады Шыбын.

– Сен тірісің бе? – деп дауыстады Кішкентай Ара. – Маған сені кафеде өлтіріп тастағандай көрініп еді.

– Иә, сол кезде маған қатты тиді. Мен өлген екенмін деп ойладым. Ол жерден әрең шықтым. Міне, аяғымды да сындырды, көзім де жараланды... Саған әрең жеттім.

– Байғұс-ай. Бірақ мен саған қалай көмектесе аламын?

– Маған араларға баруды кеңес етіп еді. Сендер – менің соңғы үмітімсіңдер, – деген Шыбын өксіп жылап, қатты сіңбірді, – маған сендердің омарталарыңда мені емдей алатын дәрі бар деп айтты.

– Ол қандай дәрі? – деп Кішкентай Ара қызықтай сұрады.

– Араның сүті.

– Бірақ біз ара сүтімен тек ханымды, бала араларды ғана тамақтандырамыз!

– Оларды ғана емес! Мен естідім, сендер онымен жатыпішерлерді де тамақтандыратын көрінесіңдер, – деді Шыбын көзін сығырайтып.

– Иә, белгілі бір уақыт аралығында оларға беретініміз рас. Бірақ ол сүтті мен саған бере алмаймын ғой. Мен омартада басқа жұмыс атқарам.

Шыбын Кішкентай Араға жақындап келіп, ішіне кіріп көтердей болып былай деді:

– Қымбаттым, ол үшін саған мазасызданудың жөні жоқ. Емделуге қажетті сүтті қолға түсірудің әдісін мен өзім табам. Сен тек мені омартаға кіргіз.

– Ой, жоқ! Сені онда ешкім өткізбейді! Кірер есікті сақшы-аралар күзетеді. Білесің бе, олар сондай қырағы. Маса да ұшып өте алмайды.

Шыбын Кішкентай Араны: “Мен бәрін ойластырдым. Сен оларды айналдыра тұрасың, мен сол кезде ішке кіріп кетем. Ешкім байқамай да қалады”, – деп тыныштандырды.



– Ой, мен қорқам! Олай істеуге тыйым салынған ғой, – деді Кішкентай Ара күдіктеніп.

– Мен осылай боларын біліп едім! – деді Шыбын дауысы дірілдеп. – Ендеше, қош бол! Мен қорқынышты азапта өлуге кеттім. Сен менің соңғы үмітім едің, бірақ болмады... Маған бұдан ары бұл өмірде қуану, ұшу, күлу, сүю маңдайыма жазылмапты... Бәрі бітті!

Теріс айналып Шыбын үш аяғымен ақсаңдап, бүкірейіп, сүрініп-қабынып, қисалаңдай ұзап бара жатты. Ол еңіреп жылап, иықтары дірілдеп кетті.

– Тоқта! – деп айғайлады Кішкентай Ара.

– А? – деді Шыбын сол сәтте басын кілт бұрып.

– Мен келістім. Мен сені омартаға өткізем, тек келісіп алайық, сен өзінді тәуір сезінген сәтте үйге кетесің.

– Мақұл! Біз зиялы жаратылыс иесіміз ғой. Жалпы, біздер, шыбындар, сыпайылығымызбен ерекшеленеміз, бұл біздің қанымызда бар.

Кішкентай Ара Күзетші Араны өзіне бұрды да, қу Шыбын жаралы жәндікке тән емес ептілікпен омартаға өніп кетті. Ол тез арада жалқау араларға арналған бөлімді тауып алып, кең ұяға жайлы қоныстанды.

Жатыпшерлерді тамақтандыратын аралар бейтанысты көріп, аң-таң боп тұрып қалды. Бірақ Шыбын оларға айғайлап:

– Не болды? Тамақ қайда? Көрмей тұрсыңдар ма, мен жаралы жатыпшермін. Тез маған тамақ беріңдер. Әйтпесе, мен шағымданамын.

Сөйтіп, ол әр күні ара сүтінің нәрлі және шипалы бөлігін алып тұрды. Бірнеше күннен кейін оның жаралары жазылып, тыртықтары бітіп кетті. Қарны бұлтиып, аяқтары да бекіді.

Бір күні кешке Кішкентай Ара Шыбын демалып жатқан ұяға кіріп, оның халін сұрады:

– Сәлем! Жағдайың қалай?

Аһілеп-уһілеген Шыбын:

– Қымбаттым, мен саған сондай ризамын. Тәуірленіп қалдым. Бірақ омартаны тастап шығуға әлсізбін. Маған тағы үш күн берші.

– Жақсы, үш күннен кейін келем.

Бұл уақыт өткен кезде Шыбын мұндай тоқ, жылы орынды тастап кетуден бас тартты. Ол аз болғандай, Шыбын өзі достасып үлгерген жалқау араларды азғырып, олар дауыс көтерді:

– Жоғал бұл арадан, Кішкентай Ара! Сен бізді тамақтандырмайсың,

мұнда неге келесің? Бар, жұмыс істе, әйтпесе, Ханымға шағым жасаймыз. Егер ол сенің бал әкелу орнына жалқаулар бөлігінде салқындап жүргеніңді білсе, жазанды береді. Бұл – біздің орнымыз. Шыбын да бұдан кейін осы жерде тұратын болады. Біз бұл жерден ешқашан кетпейміз.

Кішкентай Ара Шыбынның қылығына ыза болды да, оның омартаға еніп кетуі өз кінәсінен болғанын бұдан ары жасыра алмады. Ол Ханымға баруға бел буды.

– Амансың ба, Кішкентай Ара! – деп амандасты Ханым. – Не болды, неге сонша жабырқаусың?

– Мен қылмыс жасадым, – деп жылап жіберді Кішкентай Ара. – Шыбынды аяп, оны омартаға өткізген едім. Бұған тыйым салынғанын білемін, бірақ оны қатты аядым. Мен оны емделіп алған соң кетіп қалар деп ойлады. Ал оның кететін түрі жоқ! Барлық жалқауларды маған қарсы қойды. Олар нағыз көтеріліске шықты. Тамақ талап етуде, омартадан ешқашан кетпейтіндерін айтып жатыр. Өздерін тым өрескел ұстауда.

– Сен аңғалдық істегенсің, Кішкентай Ара, – деді Ханым.

– Аяныш – жақсы сезім, бірақ ол кейде біз аяғанға зиян келтіреді. Мұқтаждарға көмектесуіміз керек, бірақ біздің көмегіміз оларға зардабын тигізбеуге тиіс. Дегенмен, Шыбынға бәрібір омартадан кетуге тура келеді деп ойлаймын.

Ханым күзетші аралар тобын шақырып, омартаны тазалауға тапсырма берді. Аралар Шыбынды да, омартадан кетер уақыттары келген мешкей әрі жалқау араларды да қуып шықты. Енді оларға өз тамақтарын өздері тауып жеулеріне тура келді.

– Міне, көрдің бе, Кішкентай Ара, сен қандай қатыгезсің? – деп айғайлады Шыбын оны күзетшілер омартадан итеріп шығарып жатқан кезде. – Менен тамағыңды аядың ба? Мені, байғұс кемтарды өлімге қуасың ба? Ох, маған ұшу сондай ауыр.

– Сен ешқандай да кемтар емессің, өзіңе қарашы. Саған ұшудың ауыр болатыны – сен семіріп кеткенсің. Омарта шыбындарды семіртуге арналған орын емес. Қош бол!





## Біз кездесеміз!

**К**ішкентай Ара күн өткен сайын ауа райы суыған үстіне суып бара жатқанын мазасыздана бақылауда. Гүлдер құрап, бал жинау да қиындап барады. Ол түнерген аспанды, жерге түсіп жатқан жапырақтарды көріп, жабырқап қалатын болды.

Міне, бәрі бітті! – деді оған Шегіртке бір күні. – Жаз өтті, менің ұйықтайтын уақытым келді. Қоштасайық, Кішкентай Ара! Мүмкін біз қайтадан кездесе алмаспыз.

– Қалайша? Не болуы мүмкін? – деп Кішкентай Ара үрейлене сұрады.

– Кім біледі? Бәлкім, сен екеуміз ұйықтап кетіп, қайтадан оянбаспыз.

– Сен не айтып тұрсың?

– Не білсем, соны айтып тұрмын. Мен қыстай ұйықтаймын, ал көктемде оянбай қалуым ғажап емес.

– Бұл кімге байланысты? – деді Ара тақымдауын қоймай.

– Бұл маған белгісіз, – деп бұрқ ете қалды Шегіртке. – Жарайды, бітті, жолға шығар кезде қайғылы әңгіменің қажеті жоқ. Қош бол!

Кішкентай Ара Шегірткенің соңынан қарап тұрып ойланып қалды: “Жаз бітті. Гүлдер құрап қалды. Бүкіл жер өлетін сияқты. Мүмкін мен де өліп қап, көктемде оянбай қалармын”.

Кішкентай Ара жылап жіберді. Ол соңғы рет өзінің сүйікті егістігімен, жапырақтары сиреген бақшасымен, өзенімен қоштаса оларды аралай ұшып өтті. Омартаға қайтып оралды да, балға толы ұялардың жанында біраз сенделіп жүрді. Жабырқау көңілін жеңе алмаған ол Ханымға баруды ұйғарды. Ханым оны әдеттегідей ілтипатпен жылы қарсы алды:

– Саған не болды, Кішкентай Ара? – деп сұрады ол.  
– Жаз бітті, бал жинайтын жер жоқ. Менің сүйікті гүлдерім солып қалды, ағаштардың бұтақтары жалаңаш, жансыз. Көптеген жәндіктер ұйықтайды екен. Шегіртке маған бәрі бірдей оянбайтынын айтты... Мен қорқам.

– Қорықпа, балақай, – деді Ханым оны жұбатып, – күз бен қыс өтіп, табиғатқа қайтадан жан бітетініне сен. Ағаштарда жапырақтар пайда болады, топырақтан сен жақсы көрген гүлдерден де әдемі гүлдер өсіп шығатын болады. Мен саған тағы бір құпияны ашайын: көпшілігі тіпті басқа болып шығады. Қырықбуын көбелек болып оянады, құрттар қоңыз болады, біздің пілләмізден жас аралар пайда болады. Көктемде тіріліп, жаңа өмір қайнау үшін, қыста табиғат ұйықтайды.

Кішкентай Ара көзінің жасын сүртіп жымиды:

– Сонда, біз Шегірткемен тағы көрісеміз бе?

– Міндетті түрде! – деп жауап берді Ханым.

Сережаның мамасы әлжуаз, аурушаң еді. Ол мамасын қатты жақсы көріп, әр уақытта оған көмектесуге тырысатын. Ұлдар оның дүкеннен сөмкемен келе жатқанын, балконда киім жайып жүргенін көрген кезде күлетін. Бірақ Сергей оларға назар аударған емес, оның үстіне ол өзін-өзі қорғай алатын еді. Ол әкесіне тартқан мықты, бойшаң болды. Өзінің он үш жасында ол көптеген жоғары сыныптағылардан да биік еді. Ол мамасымен қатар келе жатқанда екеуінің шешесі мен баласы екеніне сену қиын болатын.

Мамасы жиі-жиі ауруханаға жататын. Оның өкпесі ауырады. Кезекті бір операциядан кейін мамасына кемтар деген анықтама берілді де, ол өзінің отыз бес-ақ жасында аздаған зейнетақы алатын болды. Ауруханада ол сенуші әйелмен танысыпты. Шыққаннан кейін ол қауымға баратын болды. Өзімен бірге Сережаны да ертіп алатын. Сережа дұға етуді үйреніп, дұғада Құдайдан мамасын сауықтыруын әр кезде өтінетін. Бірақ мамасы көз алдында күннен-күнге шөгіп барады.

Бәле жалғыз келмейді. Дәл осы уақытта әкесі жұмыстан шығып



қалды да, жаңа жұмыс таба алмай қойды. Мамасының зейнетақысы тіпті тамаққа да жетпеді. Оның үстіне дәрі де керек. Әкесінің аздап ақша табуға мүмкіндігі болып тұрды, бірақ ол тым мардымсыз еді.

Әкесі ішімдікке үйір болып, адам танымастай өзгерді. Бұрын ол әр уақытта көңілді, ұқыпты еді, ал қазір тіпті басқа адам. Дәрекі, ашушаң, апта бойы үйден шықпауға бар. Теледидарға қадалып, диванда жатады. Үйден жұмыс іздеуге шыға қалса, үйге мас бо-



лып, әлденеге ызаланып оралады. Мамасына тапқан ақшасының қалғанын лақтырып, өзінің бақытсыздығына оны айыптайтын болды. Ол жиі былай дейтін:

– Сенің сиынатын Құдайың қайда? Ол саған неге көмектеспейді? Неге Ол біздің үйде нанның, саған керекті дәрілердің бар болуы немесе сені емдеу жайлы қам жемейді. Ол сондай құдіретті болса, неге маған жұмыс тауып алуға көмектеспейді? Мен Одан аспаннан ақша жаудыруын сұрап тұрған жоқпын ғой. Өз қолыммен жұмыс істегім келеді.

Мамасы соншама кішіпейілдікпен жауап беруші еді:

– Кімге не жіберу керегін Құдай біледі.

Сережа әкесінің көжені үстелге төккеніне, кір аяқ киіммен үйде жүргеніне, шешінбестен төсегіне жатқанына қарап, ызасы келетін.

Бір күні әкесі тағы да мас болып келген кезде мамасы оған шешінуге көмектеспек болды. Әкесіне бұл ұнамай қалды да, оны кеудесінен итеріп жіберді. Мамасы құлап, басын үстелдің бұрышына соғып алды. Сережа қарғып тұрды да, әкесіне жетіп келіп, жағасынан шап беріп ұстай алды:

– Егер сен мамама тағы да қол көтеретін немесе дөрекі сөз айтатын болсаң, бұл үйдің табалдырығынан аттамайтын боласың.

Бұдан кейін әкесі біраз басылғандай болды, бірақ ішуін жалғастыра берді. Сергейдің мамасымен қауымға баруы сиреп кетті. Оның да Құдайға қоятын, жауабын өзі таба алмаған көп сауалдары бар еді.

Исаның туған күні мерекесіне қарай мамасы қайтыс болды.

Оны жерлеуге қауым көмектесті. Сергей әкесі екеуі жаңа ғана жауған ақ қар көмкеріп тастаған моланың жанында тұрды. Бағушы Петр Иванович жұмақ туралы, мәңгілік өмір туралы айтып тұр, бірақ олар үшін бұлардың бәрі бос сөздер еді – ажал мамасын алып кетті, ал олар ары қарай қалай өмір сүру керектігін білмейді де.

Үйдегінің бәрі мамасын еске түсіреді. Заттар оның қолының жылуын әлі сақтап тұр, терезе алдында ол отырғызған гүлдер гүлдеп, тоңазытқышта ол қайнатқан тосап тұр. Сергей үйге тоқтағысы келмеді: ол балалармен қаланың суық көшелерінде сенделіп, үйлердің подъездерінде жылынатын. Үйге түнде келіп, төсегіне жатып алып жылайтын.

Бір күні ол мамасының Киелі кітабын парақтады. Кітаптың арасында откыртка бар екен, оның келесі жағына маржандай тізілген ұсақ әріптермен былай деп жазылыпты:



Күтемін сені мен көкте,  
Киелі Иерусалимде.  
Боламын бірге мен білем,  
Сүйіктім менің, сенімен.  
Боламын бірге білемін,  
Көкте отбасымменен.  
Сендерді келер жетелеп,  
Құтқарушы өз қолымен.  
Көкте тұрмын қазір мен,  
Жағдайым жақсы, сүйіктім.  
Жыламаңдар мен үшін,  
Қайғырмаңдар өлді деп.  
Кездесеміз, мен білем,  
Менің дұғам жолдары  
Әкелер бір кез сендерді  
Мекеніне Құдайдың.

Сережа мамасының осы бір қарапайым, соңғы өлеңін оқып, егіле жылады. Осы кезде үйге қиралаңдап, мас әкесі келді. Оның ас үйде ыдыстарды салдырлатып жүргені естіліп тұр. Сергей үн-түнсіз ас үйге келіп, өлеңді үстелдің үстіне қойды да, ұйықтауға кетті.

Түнгі сағат үште иығынан біреудің жұлқығанынан Сергей оянып кетті. Атып түрегелген ол мастығынан айыққан әкесінің бозарып, төсегінің жанында тұрғанын көрді.

– Сережа, егер мен осы түні өліп қалсам, тозаққа түсем бе? – деп сұрады ол.

– Солай болса керек, – деп жауап берді ұлы.

– Біржола ма?

– Біржола ғана емес, мәңгілікке, – деп жауап берді Сергей.

– Сонда мен оны ешқашан көрмеймін бе?

– Ешқашан.

– Қарашы, мамаң не деп жазған? Ол біздің бірге болатынымызға, болашақта кездесетінімізге сенеді ғой. Менің де онымен кездескім келеді. Ол үшін мен не істеуім керек, соны айтшы?

– Құдай алдында өзіңнің барлық күнеларыңды мойындап, кешірім сұрауың керек, – деді ұлы.

– Ал сен солай істеп қойдың ба? – деп сұрады әкесі.

Сережа сәл аялдап:

– Жоқ, – деді, – менің солай істегім келді, бірақ бәрін ойластыру керек деп асықпауды ұйғардым. Маған мұны істеуге уақыт әлі бо-

латындай көрінген. Егер мен маманның көп жүрмейтінін білгенімде ғой... – баланың дауысы дірілдеп кетті. – Ол қатты қуанар еді...

Әкесі төсектің жанына тізе бүкті:

– Иса! Мен қандай сөздермен сиыну керегін білмеймін, бірақ Сені мүлдем білмейтіндігім үшін мені кешірші! Менің күнәларымның бәріні кешіре ғер! Мен Сенсіз ештеңе істей алмаймын, Тәңір, мен өліп барам! Егер Сен мені құтқармасаң, мен тозаққа кетемін, әйелімді де қайтып ешқашан көре алмаймын!

Сережа да осы түні сиынумен болды. Дұғадан кейін әкесі ұлын құшақтап, бір кездегідей жылы жүзбен мұның көзіне қарады:

– Ұлым, – деді ол, – біздің мамамыз тірі ғой! Біз міндетті түрде онымен көрісетін боламыз!

Таңертең Сергей далаға шыққан кезде өз қаласын өзі танымай қалды.

Ол кеше қайғы мен азадан көре алмаған нәрсесін көрді: көктем келіпті! Қар кетіп, жерге шөп қаулап кетіпті. Көк жүзінде бір шөкім бұлт жоқ, аспан жарқырап тұр. Ағаштардың бүрлері де оянып жатқан жапырақтарды ұстай алмай жарылып жатыр.

Жақында ғана өлі болып көрінген табиғат оянған, жан бітіп, қозғалысқа көшкен.

– Міне, бір кездері Мәсіх осылай тірілген-ді. Ол қабірден тұрып, гүлдеп тұрған баққа шықты. Бір кездері мен де өлемін. Бірақ мен өлімнен қорықпаймын, өйткені менің Құдайым Исаны тірілткендей мені де тірілтеді. Сөйтіп, мен мамаммен кездесемін. Міндетті түрде кездесемін!

Кішкентай Ара омартадан шықты.

– Алақай! Көктем келді! Амансыңдар ма, гүлдер! Сәлем, көбелек! Қалың қалай, қанқыз!

Ол жылылық пен жарыққа қуанып, егістіктің үстімен ұша жөнелді де, күзде Шегірткемен қоштасқан қайың түбіне келді. Түсіп қалған жапырақтарды сыбдырлатып жүріп, ақыры оны тауып алып, ұзын сирақтарынан тартқылап оятты:

– Ей, Шегіртке! Оянатын уақыт болды, көктем кеп қойды!

Шегіртке аяғын созып, мұрттарын жыбырлатып, оянды да:

– Ой, сәлем, Кішкентай Ара! Біз тіріміз бе? – деп сұрады.

– Иә, тіріміз! Былтырғы жылдан да күштіміз! Біздің міндетті түрде кездесетінімізді мен білгем!





## Бал емес

**К**ішкентай Ара гүлдеп тұрған шиіе ағашының бұтағына шаршап кеп қонды. Бүгін күн өте ыстық. Ауа бір орнында тұрып қалғандай. Аспанға қарап Кішкентай Ара жаңбыр жауады деп шешті. “Сірә, сондықтан да қатты ысып тұрған болса керек, тіпті демалудың өзі ауыр”, – деп ойлады ол, бірақ жұмысын тоқтатпады. Гүлден гүлге ұшып-қонып, омартаға апару үшін нәр жинады.

– Міне, ақымақ жаратылған жан! – ол жақын жерден ысылдаған дыбыс естіді. – Жаныңда, ағаш діңінде бал өзен боп ағып жатыр, ал сен, санасыз Кішкентай Ара, оны гүлдерден титтей тамшымен жинайсың.

Артына қараған Кішкентай Ара жіңішке жіпке жармасып, бір бұтақта салбырап тұрған өрмекшіні көрді.

– Қандай балды айтып тұрсыз? – деп сұрады Кішкентай Ара сыпайы дауыспен.

– Өте жақсы бал, жоғары сапалы. Қарашы, міне, – деп ол шиенің діңіне шықты. – Байқадың ба, ол қандай мөп-мөлдір, жақұт түстес, тіпті күн көзіне шағылысып тұр.

– Мұның бал екеніне сіз сенімдісіз бе? – деді Кішкентай Ара сеніңкіремей.

– Әрине! Мен оны күн сайын таңертең де, кешке де жеймін. Саған айтайын, ол сендер – аралар бақшадан, егістіктен жинайтын

балдан әлдеқайда тәтті. Дәмін көр. Егер ұнаса, қанша алғың келсе де, алуыңа болады. Мен сенен аямаймын.

Кішкентай Ара жақындап ұшып келді де, шиенің діңіндегі қоңырқай қоймалжыңға зер салып қарай бастады:

– Қызық, – деді ол, – ағаштардың бал шығаратынын мен білмеппін. Омартада маған неғып бұл туралы айтпады екен.

Өрмекші Кішкентай Араға ұмтылыңқырай сөйледі:

– Шынында да қызық екен. Сені ешқандай машақатсыз алуға болатын нәрсені табу үшін тер төгуге мәжбүр етеді.

– Жалпы, мені ешкім мәжбүрлемейді, бұл жай ғана менің жұмысым, – деп жауап берді Кішкентай Ара.

– Иә, саған сене қаппын, – деді өрмекші.

Кішкентай Ара селк етті. Оның жүрек түкпірінде әлдеқандай бір күдік бас көтерді. Ол осыған ұқсас сөздерді бір жерде естіген-ді.

Өрмекші сөзін жалғастырды:

– Жақын келсеңші, қорықпа. Бұл бал сондай жақсы, дәмді, тәтті, созылмалы, жабысқақ...

Кішкентай Ара өрмекшіге назар аударды. Ол аяқтарын бір-біріне үйкеп, жабысқақ өрмегін өре бастады. Онымен қоймай жымиғансыды, бірақ онысы жағымсыз, тіпті қорқынышты еді. Кішкентай Ара қоймалжың “балдан” әрірек жылжыды.

– Мен өзім білетін балды жинауға ұшып кеткенім тәуір болар. Мұнда бір қателік бар деп ойлаймын. Егер бұл рас болса, маған омартада айтқан болар еді.

– Ау, қайда барасың, ақымақ-ау? Тым құрымағанда, дәмін көрсеңші. Мүмкін сен бұл балды омартаға апаратын бірінші ара болып шығарсың! Сені қалай мақтайтынын көз алдыңа елестетші! – деді өрмекші Кішкентай Араға тақай түсіп.

– Жоқ! Жоқ! – деп нығыздай сөйлеп ол кері шегінді. – Мен одан да Ханымнан бұның не бал екенін сұраймын.

– Тоқта! Қасарысқан жәндік! Бәрібір сен менен құтыла алмайсың!

Кішкентай Ара байқап та үлгермеді, өрмекші өрмегінен жіпті еппен суырып алып, оның басына лақтырып жіберді де, денесін айналдыра орай бастады.

– Құтқарыңдар! Көмектесіңдер! – деп бейшара Ара шырылдап қоя берді.

Алайда маңайда ешкім жоқ еді. Кішкентай Ара өлген жерім осы болар деп ойлап жылап жіберді. Осы сәтте найзағай жарқ ете түсті де, күн қатты күркіреп қоя берді. Өрмекші сасқалақтап, өрмегін



босаңсытып алды. Осы сәтті пайдаланған Кішкентай Ара қатты жұлқынып тұзақты үзіп жіберді. Ұшып бара жатып өзіне жұдырығын түйіп тұрған өрмекшіні көрді.

Жаңбыр жауып кетті де, Кішкентай Ара өзінің үстіндегі өрмектің қалдықтарын жуып, омартаға оралды.

– Сен қайда болдың? Не болды? – деп аралар жапырлай сұрады.

– Ой, не болғанын сұрамаңдар. Мен өліп қала жаздадым.

Кішкентай Ара өзінің басынан өткен оқиғаны баяндады. Аралардың ешқайсысы оның қандай бал екенін білмейтін болып шықты, омартада ол туралы естімеген де екен. Кеңесіп алып, аралар оны Ханымнан сұрауды ұйғарды. Кішкентай Араның әңгімесін ден қойып тыңдаған Ханым мынаны сұрады:

– Сен жағымсыз бірдеңені сездім дедің ғой, неге бірден ұшып кетпедің?

– Өрмекші маған белгісіз бал туралы иландыра айтты. Бал да әдемі, мөп-мөлдір, алтын сияқты... Ол нағыз балға өте ұқсас екен. Мен оны жақыннан көргім келді, – деп Кішкентай Ара өкси жауап берді.

– Сонда сені не тоқтатты!

Кішкентай Ара бөгеліп қалды:

– Бірде Шыбын мені өз омартасына шақырған. Сонда ол өрмекші айтқан сөздерді айтып еді.

– Ол қандай сөз? – деп қызыға сұрады Ханым.

Ол мені омартада ауыр жұмыс істеуге мәжбүр етеді деген. Бірақ мен олай емес екенін білем ғой. Мен бал жинауды жақсы көрем. Өйткені мен Арамын ғой, басқаша қалай өмір сүруге болады?

– Қымбаттыларым менің! – деді Ханым барлық араларға бұрылып.

– Нағыз бал омартада ғана болады. Оны тек аралар ғана жасай алады. Кішкентай Ара ағаштың діңіндегі желімді бал деп қабылдап, өліп қала жаздады. Ол балға ұқсағанымен, бал емес. Бұл – жәндіктерге құрылған тор. Бұндай торға түскен соң құтылып шығудың сәті түсе қоймайды. Өрмекші Кішкентай Араны жеп алу үшін алдап, торға түсірмек болды, оның қорқынышты жабысқақ өрмектен қашып шығып, қауіпті желімге түспегені қандай жақсы болды!

Женя мектептен шығып үйге келе жатыр. Кеудесі қуанышқа кернеулі – сөмкесінде үш бес бар, ал алдында екі бірдей демалыс күні. Жексенбі күні таңертең қауымға, кешке мәсіхшілер клубындағы

жастар кездесуіне барады. Ал ертең толығымен бос болатын күн. Көбірек ұйықтауға, көбірек оқуға және өз бөлмесін нағыз тәртіпке келтіруге болады. Кенет оның ойы кілт үзілді.

– Женя, сәлем! Сені көргеніме қуаныштымын! Қалың қалай? Үйге бара жатырсың ба? Мен сенімен бірге барам. Екеуіміздің жолымыз бір ғой.

Бұл – Рита болатын. Осылай зуылдатып тез сөйлей алатын қыз тек сол ғана. Қыздар бұрыннан таныс-тын: олар бір мектепте оқиды. Рита анда-санда Женямен бірге қауымға барады. Олардың арасындағы қарым-қатынасты достық деп атауға болмас – Ританың мінезі тұрақты емес еді. Ол біресе гимнастикамен, біресе сурет салумен, біресе альпинизммен айналысады. Женямен әр жолы кездескен сайын, ол өзінің басқа бір қызықты іспен әуестеніп жүргені туралы қызулана әңгімелейтін. Бірақ біраз уақыт өткен соң Рита одан да қызық бір нәрсе тауып алатын.

Қазір де шапшаң амандаса салып, Рита өзінің өміріндегі соңғы жаңалық туралы досына тамсана баяндай бастады:

– Сен менің қандай адамдармен танысқанымды білмейсің ғой! Бұл бір ғажап оқиға! Мен кітапханада бір қызбен кездейсоқ сөйлесіп қалдым. Ол маған өте қызық кітап берді. Бұл кітапта жаңа дәуірдің жақындап келе жатқаны жөнінде әңгімеленген. Ғалымдар оған өте аз уақыт қалғанын есептеп шығарыпты. Онда археологиялық зерттеулер, белгілі физиктер мен астрономдардың мақалалары да бар. Адамзат таңғажайып жайттардың табалдырығында тұр. Есіңде ме, Киелі кітапта да осы туралы жазылғанын сен айтып едің ғой. Жақын арада табиғатта апаттар, жер сілкінулер, зілзалалар болады. Есіңе түсті ме?

– Иә, әрине, барлық мәсіхшілер бұл жайында біледі, – деді Женя, – өйткені бұл – соңғы уақыттың белгілері.

Рита Женяның қолынан ұстады:

– Білесің бе, мен сол қызбен кейін кездестім, ол мені бір адамның үйіне қонаққа шақырды. Ол – ғалым, профессор, көптеген ғылыми мақалалар жазған. Расында, оларды біздің журналдарда жариялағылары келмейді. Түсінесің бе, адамзаттың ойы әлі жақсы жетілген жоқ, сондықтан шындықты білуге дайын емес.

– Қандай шындықты айтып тұрсың? – деді Женя.

– Жақында болатын нәрсе туралы, – деді Рита жұмбақтай сөйлеп.

– Ол шындық бәріне әйгілі, өйткені ол Киелі кітапта бар, – деді Женя.



– Иә, мен білем, бірақ адамдардан белгілі бір уақытқа дейін жасырылған нәрселер бар. Солай ғой?

– Жалпы, солай екені рас. Құдай адамдарға барлық нәрсені толық ашып берген жоқ. Біз бойлай алмайтын құпиялар да бар.

– Бірақ бізде сана бар ғой, біз оны қолдануымыз керек, солай емес пе? – деп жалғастырды Рита.

– Әрине.

– Құдай бізге болашақ туралы ойлауға тиым салмайды ғой?

– Керісінше. Құдай бізді осы туралы ойлауға шақырады. Әр адам өзін не күтіп тұрғаны жайлы ойлауы керек.

– Міне, мен де сол туралы айтып тұрмын! Бәрін айтып беру маған өте қиын. Мүмкін бәрін сен өз құлағыңмен естіп, өз көзіңмен көргенің дұрыс шығар. Кезекті кездесу тура ертең болады. Сонда бірге барайық, – деп ұсынды Рита.

Женя тіпті бас тартқан күннің өзінде Ританың ұзақ дәлелдеп, көзін жеткізе үгіттейтінін, ақыр соңында амалсыз көнуге тура келетінін білетін. Ертең сенбі екенін есепке алып, Женя келісті.

Олар кесімді уақытта кездесіп, Ританың танысына аттанды. Түнеріп тұрған үлкен үйге жақындай бергенде Женя көмескі бір мазасыздықты сезінді: “Мұнда келуге несіне келісім бердім екен? Маған болашақ туралы бәрі белгілі ғой. Мен жердегі тіршіліктің бітуге таяған тарихын Құдайдың аяқтайтынын да, Өзін сүйетіндерге көкте әдемі орын дайындағанын да, Құдаймен татуласпағандарды сот күтіп тұрғанын да білем. Маған тағы нені білу керек?”


Рита қоңырауды басты. Қолында балауыз шамы бар ұзын бойлы бозбала есікті ашты да, қыздар ұзыншақ тар дәлізге еніп кетті. Сықырлаған баспалдақпен екінші қабатқа көтеріліп, олар үлкен бөлмеге кірді. Қабырғаға жағалай қойылған орындықтарда адамдар отыр. Рита олардың кейбіреуімен сыбырлай амандасқаннан кейін, олар да жайғасты. Терезелердің қақпағы жабылған, балауыз шамдар жанған бөлме алакеуім. Көлеңкелер тылсым сыр тудырып, қабырғада тербеліп тұр.

Кенет бөлмеде тыныштық орнады да, бөлменің ортасындағы үстелге ер адам жақындап келді. Женя оның Рита айтқан профессор екенін түсінді. Ол сөйлей бастады, Женя оның дауысы тартымды екенін сезді.

– Сәлеметсіздер ме, достар! Иә, көпшілігіңізбен таныс болмасам да, сіздерді достарым деп атап тұрмын. Бірақ мен өздеріңізбен көзге көрінбейтін жіппен байланғанымды білем. Біз сіздермен бәріміз бөлінбейтін біртұтаспыз. Мен мұнда бөтендер жоқ екенін білем.

Женя осы сөздерді естігенде, сөйлеушінің даусы қаншама жұмсақ болса да, селк ете қалды.

– Мұнда өзінің жүрегін білгісі келетін, ертеңін көргісі келетін, болашаққа жаңа адам боп барғысы келетіндер жиналған, – деп жалғады сөзін шешен. – Біздің қайсымыз жұлдыздармен көмкерілген аспанға қарап, солардың арасында болуды көксемедік. Қайсымыз





әлемнің шегіне жетуді және жаратылыстың құпиясын танып-білуді армандамадық? Қайсымыз қанат бітіп, басқа әлемге өткіміз келмеді? Мен сіздерге мұның көпшілігімізге тән екенін айтам. Бұлар бағышталғандар үшін ақиқатқа айналды. Бұл саған да ақиқатқа айналуы мүмкін, досым!

Женя орындығын сықырлатты:

– Рита, бұл жер маған онша ұнамай тұр. Өлдеқандай “басқа әлемге” ұшып кетуге менің құлқым да жоқ. Мұның бәрі бос сөз. Жүр, кетейік бұл жерден.

– Тоқтасаңшы, бұл тек басы ғана. Ары қарай қызық болады, – деп Рита келіспеді.

Сөйлеуші сөзін жалғады:

– Біз бәріміз жаңа дәуір жақындағанын білеміз. Жер бетінде тыныштық пен рақат орнайды, табиғатқа жан бітіп гүлденеді. Адамдардың арасындағы жауласу тыйылады. Адамзат дамудың жаңа кезеңін күтуде. Адам кемелдікке қол жеткізіп, табиғаттың құдіретті әміршісі болады. Бірақ мұны көпшілігі түсінбейді және жаңа дәуірге – Суқұйғыш дәуіріне жаңа адам боп көшуді бәрі бірдей қаламайды. Олар біздің қоғамымыздан қуылатын болады. Біз қазір азбыз, – деді шешен іші-бауырыңды елжірете сөйлеп, – сондықтан да біз бірлесіп, ұйымдасуымыз керек. Әрекетіміз бен тілегіміз де бір болуы керек. Сол үшін біз осы жерге жиналдық.

Осы уақытта қыздарға есік ашқан бозбала баяу ырғақты музыка қосты.

– Мына кристалға қараңыздар, – деді профессор үстелдің үстіндегі кесіп жасалған әйнек шарды нұсқап. – Мына қырларына жақсылап қараңыздар, сонда сіздер болашақтың бейнесін көресіздер. Бұл кристалдың жарығы емдейді. Ол көзге сондай жағымды, ол білім береді. Зер салып қараңыздар, көздеріңіз ашылып, құдай сияқты боласыздар!

Бұл сөздер Женяға аспан шайдай ашық тұрған кездегі күннің күркіріндей естілді. “Мен бұл сөздерді естіп қойғам, – деген ой қыздың санасынан жүгіріп өтті. – Бұл жерден кету керек!”

Женя орындықтан атып тұрды. Рита досының қолынан шап берді:

– Қайда барасың? Тоқта, бұл саған шынымен қызық емес пе?

– Рита! Кеттік бұл арадан! Бұл – өте қауіпті орын! – деп ол Ританы өзімен бірге кетуге көндірмек болды.

– Тоқтасаңшы, шынымен-ақ болашақты білгің келмей ме?

– Бұл адамдардың болашағы – тозақ! Сенің профессорың Адам

мен Хауаға жұмақта тыйым салынған жемісті жеуге сендірген кездегі жылан айтқан сөздерді айтып тұр. Есіңе түсірші, біз ол туралы Киелі кітаптан оқып едік қой. Болашақты біле алатын тек Жаратушы Ие ғана. Мына шыны шарда өтірік пен қауіп қана бар. Кеттік бұл жерден!

Рита қарсыласып бақты, бірақ Женя оның көзіндегі күмәнді байқады.

– Мына адамдарға қарашы! – деді Женя.

Шам жарығында олардың жүздері қу шүберектей бозарып көрінді. Көпшілігі шарға мағынасыз көзбен қадала қарап, біртіндеп қатайып келе жатқан музыка ырғағымен ырғалып отыр. Ритамен қатар отырған әйел миңгірлеп, көзге көрінбейтін әлдебір нәрседен кейін серпілді.

Женя Ританың да қатты қорыққанын көрді. Шығар есікке әрең жеткен қыздар баспалдақпен жүгіре жөнелді. Есік ауыр темір тиекпен бекітілген екен. Женя оны ашпақ болып еді, бірақ ол көнбеді.

– Қайда барасындар? – кенет бір дауыс саңқ етті; олар өздерін қарсы алған бозбаланы көрді. – Кетпеңдер, әлі ерте.

Осы уақытта тиек ысырылып кетті де, қыздар үйден оқтай атылып шықты. Қауіп артта қалса да, олар екі көшені жүгіріп өтті. Ақыры тоқтап, орындыққа отырды.

– Не болғанын сен түсіндің бе? – деп сұрады Женя досынан.

– Түгел емес, бірақ жақсы емес екенін түсіндім, – деп жауап қатты Рита. – Ол адамдарға, меніңше, жаман бір нәрсе болды. Мен ондай мағынасыз көздерді ешқашан көрген емеспін. Сұмдық қорқынышты!

– Олар сиқырлы күштің әсерінде болды. Бұл адамның еркі құлдықта болып, санасы өшіп қалған кездегі үрейлі жағдай. Шайтан осыны пайдаланып, адамдардың санасын билеп алады. Бұл – өте қауіпті жағдай.

– Мені ол жерден алып шыққаның қандай жақсы болды! – деді Рита досына алғысын айтып.

Қыздар біраз әңгімелескеннен кейін үйлеріне қайтты. Бірнеше күн олар мектепте анда-санда ғана көрісіп қалып жүрді. Бірақ Женя Ританың жүзі бозарып, көзінің асты ісіп кеткенін байқап үлгерді. Бір күні үзілісте Рита Женяға келіп әңгімелесу керектігін айтты. Қыздар үйге бірге қайтуға келісті. Женя Ританы шығар есікте күтіп алды да, үйге бірге қайтты.

– Бірдеңе болды ма? – деп сұрады Женя. – Сен ауырып қалған жоқсың ба?



– Білмеймін, маған бір нәрсе болды, – деді Рита абыржи жауап қатып. – Түсінесің бе, мен түнде ұйықтамаймын десем де болады. Ал егер ұйықтаудың сәті түсе қалса, қайдағы бір қорқынышты түстер көрем. Мен қатты шаршап кеттім.

– Ал саған бұның ана жерге барумен байланысы бар болып көрінбей ме?

Рита селк ете түсті:

– Иә, мен де солай ойлаймын. Түсінесің бе, бұл түс көргеннен де басқа... Менің басымда жаман ойлар пайда болады. Құдай менің істегенімді кешірмейтін сияқты. Әлгі профессордың жаңа ғасыр туралы айтқандары маған Киелі кітапта жазылғаннан да артық болып көрінді. Жұмақтағы Алтын қала сондай алыс. Ал мұнда бәрі нақты және тез. Тек қайтадан туылсаң болғаны.

– Бірақ үлкен айырмашылық бар: көктегі Алтын қалада Мәсіх патшалық құрады, ал ондай профессорлар шақырған жерде – шайтан. Сен осыны түсінесің бе? – деп сұрады Женя.

– Енді түсінем, – деп жауап берді Рита. – Мен енді қайтып Мәсіхті көрмейтін сияқтымын!

Рита еңіреп жылады. Женя досын жұбатуға қанша тырысып бақса да, ол еш көнбеді. Женя жалғыз өзінің шамасы келмейтінін түсінді. Жақын жерде Женя баратын қауымның бағушысы тұратынды.

– Бізге Петр Ивановичке кіру керек, – деді ол Ритаға.

Досының қарсылығына қарамастан, Женя батыл түрде есіктің қоңырауын басты.

Петр Иванович Рита жылауын қоймағандықтан Женяның әңгімесін ден қоя тыңдады.

– Мен сендерге не айтайын, қарақтарым, – деп бастады ол, – Киелі кітапта Құдай өз балаларына құтқарылу туралы білуге тиістілерін ашып берді. Ол қауіптілік жайында және тіпті сенушілерге баруға болмайтын қауіпті орындар жөнінде де алдын ала ескерткен.

– Бірақ ол орын қауіпті ме, жоқ па, оны анықтау қиын болады ғой.

– Иә, неге екенін білесіңдер ме? Дұшпан ондай жерге Құдайдың балаларын алдап түсіру үшін бүркеніп алуға тырысады. Мәселен, сендердің жағдайларыңда ол өз өтірігін игі мақсатпен бүркеуге тырысқан – ол білім игеруге шақырған. Сендерді жарқын болашақ, жаңа мүмкіндіктер, жердегі бейбітшілік идеясымен өзіне тартқысы

келген. Оның өтірігін басында білгендерің жақсы болған. Сендерге шындықты білу, Құдай сөзін білу көмектескен. Сендер ол жерден қашып кетіп дұрыс істедіңдер. Шайтанның үні естілген жер сенушілердің орны емес.

– Петр Иванович, бірақ қазір неге Ританың басында мұндай жағдай болып жатыр? Ол енді сол жерге барып жүрген жоқ қой? Ендеше мұндай қорқыныш, үрей, ұйқысыздық оған қайдан келді?

– Дұшпанға өзінің өрмегіне тартуға тырысқан адамын жоғалтып алу өкінішті. Ол оны қорқытқысы келеді. Иса оған ашулы, оның бұл қылығын ешқашан кешірмейді деп иландыруға тырысады. Шайтан Ританы өзіне қайтарғысы келіп жатыр.

– Бірақ менің оған барғым келмейді. Мен Исамен бірге болғым келеді! – деп Рита тағы жылады. – Мен сиындым, Құдайдан кешірім сұрадым, бірақ Ол мені естімейтін сияқты. Енді не істеймін?

– Сендердің маған келгендерің жақсы болды. Жалғыз өзің ғана дұға ету жеткіліксіз болатын, бағушының қолдауы керек болатын кездер болады. Біз бірге сиынамыз.

Қыздар Петр Ивановичтің үйінен шыққан кезде қараңғылық қоюланып келе жатыр екен. Көктемгі жауын себелеп жауып тұр. Тұманға оранған көктемгі гүлдер бағы жұпар иіс шашады. Рита бетін жаңбыр тамшыларына тосып тұрып, былай деді:

– Рахмет Саған, Иса! Мен Сенімен бірге көкте болатынымды білем. Мені ешкім де Сенің қолыңнан тартып ала алмайды!







## Дәуіттің отырысы

**К**ішкентай Ара қымыздықтың ұзын сабағында отыратын Дәуіттің маңынан ұшып өткен сайын еріксіз баяулайтын. Оған өзінің жеңіл қанаттарының сыбдыры орынсыз, тіпті ол да Дәуіттің таңғаларлық жағдайын бұзуы ықтимал болып көрінетін. Оның сидиған арық, сопылық пішініне қарап Кішкентай Ара өзін күйгелек, ақымақ және шалағай сезінетін.

Кішкентай Ара күрсініп қойып, өзінің арманшыл, қияли, әлдебір биік нәрсе туралы ойларға өте аз уақыт арнайтынын ойлай жүріп, өз істерімен айналысып кететін. Иә, ол өзі өмір сүретін дүниеге қуанады, өз омартасын, бал жинауды жақсы көреді. Бірақ осылайша назарын көкке бағыштап, аяқтарын әсем айқастырып отыру қолынан келмей-ақ қойды.

“Дәуітті жақсылап бақылап, жаттығу керек еді, бәлкім, мен де солай істей алармын”, – деп ойлады Кішкентай Ара.

Бір күні ол жұмысын ертерек аяқтап, әдетте Дәуітті көретін жерге таяп ұшып келді. Сыбдырлатпауға тырысып, демін ішіне тарта жақындаған ол Дәуіттің көзін алысқа қадап, маңғаз отырысына көз салды.

Кішкентай Ара да сондай қалыппен отырып көрмекші болды: “Ах, мен қандай семіз әрі олақпын. Аяқтарым қисық, ал тұмсығым болса пұшық! Енді асқақ нәрсе туралы ойлау керек... – деп шешті Кішкентай Ара, сөйтті де... түшкіріп қалды, – иә, маңғаздану қиын кәсіп екен...”

Юраны қауымға нағашы әпкесі алып келді. Мамасы уақытын толығымен жаңа туған қызына арнады, сондықтан Юраның тәрбиесімен мамасының сіңлісі айналысты. Әр жұма сайын ол жиенін өзімен бірге алып кетіп, жексенбі күні қайтып алып келетін. Бала уақытын онымен бірге өткізуді жақсы көретін әрі Аня әпкесі мамасынан айнымайтын еді.

Юраға қауым ұнады. Оған тез жаттап алған өлеңдері де, жексенбілік мектептегі сабақ та, бағушы Петр Ивановичтің уағыздары да ұнайтын. Юра бұрын да Киелі кітапты оқуға талпынып көрген, бірақ қазір оны жақсы түсінетін болды. Ол болмысында тұйық, ұялшақ еді, сондықтан өзінің әлдебір күні түнде тәубеге келіп дұға еткені жайлы ешкімге тіс жармады. Ол Исаның өзін қабылдағанын, барлық күнәларын кешіргенін және өзіне мәңгі өмір сыйлағанын білді. Бірақ бұл жөнінде тіпті Аня әпкесіне де айтпады. Юра дауыстап дұға етуге қысылатын, жексенбілік мектептегі сұрақтарға сирек жауап беретін. Егер оның тәубеге келген кезде жылағанын білсе, оған бәрі күлетіндей болып көрінді. Ол Исаға өзінің мәселелерін, қуанышын, өзін мазасыздандырған нәрселерін түгел айтып, жалғыз сиынуды жақсы көретін. Бұл құпияны ол жүрегінің түкпірінде сақтап, оны бәрінен жасырын ұстады.

Біраз уақыт өткен кезде Юраның өзгергенін Аня әпкесі де, мамасы да, тіпті папасы да байқады. Ол бұрынғыдан гөрі ұстамдырақ, сабағына ынталырақ болып, мамасына өз көмегін көбірек ұсынатын болды.

– Анята, біздің ұлымызға сен не істедің? – деп сұрады мамасы бірде сіңлісінен. – Ол өз-өзіне ұқсамайды. Тіпті жақсы оқи бастады.

– Ол мен емес, басқа Біреу болар деп ойлаймын, – деп жауап берді Аня әпкесі Юраға жұмбақ көз тастап.

– Маған ешкім еш нәрсе істеген жоқ, – деп бұрқ ете қалды Юра, – мені өзгерді дегенді қайдан тауып алдыңдар? Мен бұрын қандай болсам, қазір де сондаймын.

Есікті әдейі тарс еткізіп жауып, Юра бөлмеден шығып кетті.

– Анечка, мен оған көп көңіл бөлмеймін, – деді мамасы кешірім етінген үнмен, – уақытымның бәрін кішкентайға арнаймын. Сен оның жиі ауыратынын білесің ғой. Ал Юраның жасы өтпелі кезеңде. Мен онымен көбірек сөйлесуім керек еді, бірақ уақытым жоқ. Сенің оған көңіл бөліп жүргенің жақсы болды. Бұл оған пайдалы болғанын көріп жүрмін. Оның сәті қалай түсті?

– Біздің қауымға баратынымызды сен білесің ғой?

– Иә, Юра айтты. Ол қазір үйде де Киелі кітап оқиды. Жалпы,



мен аздап таңғалып жүрмін. Оның жасындағы ұлдар футбол ойнайды, би кешіне барады. Ал ол үйде отырады. Аня, бұл мені аздап мазасыздандырады.

– Аландама, сенің ұлың сенімді қолда. Қауымда оған жаман нәрсе үйретпейді. Қауымнан гөрі би кеші қауіпсіз деп есептегенің бе?

– Жо-жоқ, Анечка, – деп мамасы қысылып қалды, – тек Құдайға бұлай қатты елігу оның өмірінен тым үлкен орын ала ма деп қорқам. Мен бәрі де мөлшермен болу керек деп есептеймін.

– Әпке, бұл – елігу емес, бұл – сенім. Бала нағыз сенімге ие бо-



луы мүмкін. Оны ұстама да, шектеме де. Сенің ұлың жаман жолға түсіп кетпейтініне илан. Сен маған сенесің бе?

– Әрине, сен мені ешқашан алдаған емессің, – деп жауап берді мамасы, – Бөпем өссін, сендермен бірге қауымға мен де барамын. Онда ұлымды неге үйрететіндеріңді өз құлағыммен тыңдаймын.

Осылай қыс өтті. Көктемнің соңына қарай Юра бүкіл Киелі кітапты оқып, Жаңа өсиетті қайталады. Оны әр кезде Киелі Жазбадан жаңа нәрсе табатыны таңдандыратын. Інжілді оқи отырып, Мәсіхтің шәкірттеріне қызығатын. Ол Петір сияқты қызуқанды, Пауыл сияқты тұрақты, Жохан сияқты мейірбан болғысы келетін. Юра өз кемшіліктерін көріп жүрді, бұл оның мазасын алды. Ефестіктерге арналған хаттан: “Сүйікті балалары ретінде Құдайға еліктеңдер” деген аятты оқыды. Бала барлық ісінде Мәсіхке ұқсағысы келетін, бірақ мұның сәті әрдайым түсе бермеді.

Юраға өзі жеткілікті тырыспайтындай көрінеді. Басқаларға қарап, оларды өзінен артық деп ойлады. Мәселен, Кирилл – ісіне ұқыпты, жүйелі, табанды. Ол сабақта әр кезде ынталы, тапсырманың бәрін уағында орындайды, ештеңені ұмытпайды. Ал Галя – шыншылдық пен бірбеткейлік үлгісі. Бірақ Юра үшін нағыз үлгі, тіпті өнеге – бағушының ұлы Саша болды. Ол хорда өлең айтатын, жастардың кездесуін де жүргізетін, жалпы әрқашан әр істе бірінші болып жүреді. Юраға оның ұстамдылығы, жайдарылығы ұнайтын. Ол Сашаның сөйлеу, күлу мәнеріне еліктеуші еді. Қауымда да оны көз қиығымен бақылап отыратын.

Бір күні қауымда уағызды басқа қаладан келген уағыздаушы айтты. Уағызы өте қызықты болды. Ол Құдай сөзімен қарулану жөнінде – дұғаның күші, құтқаратын сенім, Құдай Сөзінің билігі жайлы айтты. Юра беріліп тыңдап отырып, Сашаға көзі түсіп кетті. Ол Киелі кітапқа еңкейіп бір нәрсе жазып отыр екен. “Ал мен тіпті қалам да алған жоқпын”, – деп Юра бір түрлі қоңылтақсып қалды.

Жиналыс бітіп, адамдар уағыздаушыны қоршап алды. Көпшілігі оған алғыс айтып, тағы да келуін өтініп жатты. Олардың арасында Саша да бар еді. Ол уағыздаушының қолын сілкілеп, былай деді:

– Ғажап, бұл уағыз тікелей біздің жастарға арналған ғой! Сіз маған көп нәрсені ашып бердіңіз. Мен жастар тобында осы тақырыпқа міндетті түрде талқылау жүргізем.

Бәрі залдан шыққан кезде, Юра Сашаның Киелі кітабы орындықтың үстінде жатқанын көрді. Ол Сашамен сөйлесудің сәті түскеніне қуанып, оны қолына алды. Ойында ештеңе жоқ ол кітапты ашып, парақтай бастады.



Кенет жерге екі бүктелген бір бет қағаз түсіп кетті. “Бұл оның жазғаны болар”, – деп ойлаған Юра әуестігін жеңе алмай, оны ашып көрді.

Егер дәл қазір төбе құлап кетсе, ол селт етпеген болар еді. Мына жайт оның төбесінен жай түскендей әсер етті.

Бұл – жазу да емес, уағыздың конспектісі де емес еді. Бұл – сурет болатын, жо-жоқ, анығырақ айтқанда, карикатура еді. Онда қауым мінбесінде тұрған адамды еске түсіретін бейне тұр: сұрықсыз адамның басында клоун қалпағына ұқсас бас киім, аяғында биік өкшелі етік, қолында қадалған оқтар бар қалқан мен қылыш. Суретті садақтары бар сайтандар толықтырған. Адамның басында да оқтар шошайып тұр.

Юраның аяғының астындағы жер теңселіп кеткендей болды. “Уағыз кезінде “руханилық үлгісінің” жазып отырғаны осы екен ғой”.

Юра Сашаны қуып жетіп, Киелі кітапты ұсынды.

– Рахмет, досым, – деді Саша Юраның иығынан қағып, алғысын білдіре, – мен қалайша Киелі кітабымды тастап кеттім екен? Мен онсыз бір қадам аттай алмаймын. Білесің бе, мен тіпті Құдайдың Сөзінсіз кірпік іле алмаймын.

– Мынау да сенікі, – деп Юра суретті де ұсынды.

– Не? А, мынау ма... Тастай сал, бұл қалжың ғой.

– Қалжың ба? Егер сенің ана уағыздаушыға алғыс айтып, оның уағызына конспект жасап алдым деп айтқаныңды естімегенде саған сенген болар едім, – деп ақырын ғана айтты да, Юра аулақтай берді.

– Тоқта! Менің не салғанымда тұрған не бар? Ойыма келген нәрсені шимайлай салдым.

– Сенің ойыңа не келетіні маңызды емес деп есептейсің бе? – деп сұрады Юра.

– Әрине, менің істегенім маңызды. Жастар жиналысында мен Құдайдың қару-жарағы туралы айтам, бұл тақырыптағы уағызды жүз рет естідім. Ал егер сен сондай киелі, таза, ақылды болсаң, неге шет жақта үндемей отырасың. Қауымда ештеңе істемейсің, хорда өлең айтпайсың, дұға ету тобында да жоқсың. Сені көрген адам тіпті сенуші деп ойламайды да. Мен өз сенімімді ісіммен дәлелдеймін, ал сен немен дәлелдейсің?

– Егер сенің жүрегің лас, өтірікке толы болса, істеріңнің бағасы түкке тұрмайды. Білесің бе, Саша, мен үлкен қате жіберіппін. Менің саған ұсағым келетін. Бірақ дүниеде еліктеуге тиісті Біреу ғана бар. Ол – Мәсіх, – деп жауап берді де, Юра кетіп қалды.

Ол үйге барғысы келмеді, сосын ұзақ жолды – өзен бойындағы саябақ арқылы баратын жолды таңдап алды. Күн жылы да шуақты, ағаштар жас жапырақтармен жайқалып тұр, күн нұрына бөленген көгалдар демалуға шақырып, өзіне тартады. Юра көктемнің хош иісін сіміре жұтып, шөп үстіне керіліп жата кетті. Аралар бейбіт ызыңдап, шегірткелер шырылдап, көбелектер ұшып жүр.

Бір кезде баланың көзі қымыздықтың биік сабағына түсті. Оның ұшар басында дәуіт отыр екен. Бала жәндікті оның өзіне тән отырысынан таныды. Дәуіт алдыңғы аяқтарын айқастырып, Құдайға құлшылық жасап отырғандай.

– Иә, достым, егер сенің жыртқыш екеніңді білмесе, онда сенің мына кейпіңе қарап, биік, ұлы нәрселер туралы ойлануда деуге болар еді. Рахмет, сенің арқанда мен сырт көзге жақсы кейіп көрсетіп, ұнамды жүріс-тұрыстың мәнерін салуға болатынын, бірақ іштей шын мәнісінде кім болсаң сол болып қалатыныңды түсіндім. Ал Құдай бет-жүзге емес, жүрекке қарайды.

Кішкентай Ара көз қиығымен Дәуітті бақылай отырып, міне, осымен тұп-тура 10 минуттай уақыт маңғаз қалыпта отыр. Алайда ол қатты шаршады, қанаттары күйгелектене дірілдеп, қайта-қайта түшкіргісі келе берді. Ал Дәуіт алдыңғы аяқтарын айқастырып әлі отыр. Бір кезде сұмдық көрініс болды. Дәуіттің жанынан шіркей ұшып бара жатқан. Көз ілеспес шапшаңдықпен Дәуіт ана байғұсты ұстап алды да... қылғи салды. Бәрінің шапшаң да үрейлі болғаны сонша, Кішкентай Ара ес жинап үлгермеді.

Дәуіт тамақтанып болып, көзін алысқа шабыттана қадап бұрынғы орнына қайтадан жайғасты.

– Ей, Кішкентай Ара! Ана жыртқыш сені жеп қоймай тұрғанда мына арадан тайып тұр. Сен оның осылай сырбаз көрінуіне мән берме. Бұл тек мүләйімсіген отырыс қана, – деп Юра ара отырған гүлдің басын қағып жіберді.







## Ешынудың крші

Әжесі Машаға мұқият болуды әр кез үйрететін. Көктемде және күзде жаңбыр бола қалса деп қыздың сөмкесінде қолшатыр жататын, тұмау бола қалса – қалтасында бет орамал, киімін жоғалтып немесе ұрлатып алатын жағдайда деп Е.М. – Егорова Маша деген белгіні таңбалаған. Әжесі үй ішіндегілердің денсаулығының қамын жеп жүретін, сондықтан барлығы таңғы асқа сұлы үлпегі, түнге қарай айран ішетін, жазатайым бірдеңе бола қалса деп, С витаминін қабылдайды. Бұлардан басқа әжесі мыңдаған ырым мен пайдалы кеңестерді біледі. Егер жолды қара мысық немесе бос шелекті әйел кесіп өтсе деп, қалай сақтануды үйретеді. Егер үйде маңызды нәрсені ұмыт қалдырса, үйге қайтып келуге болмайтынын бәрі де біледі. Егер алыс жолға шығу керек болса, “сапар алдында” бірер минут отыру керек. Егер тұз төгілсе, ұрыстан қашып құтылмайтынын, айнаны шақса сүйіспеншілік болмайтынын айтып бәрін сақтандырып отырады. Осылай кете береді. Бүкіл отбасы оған бағынатын еді, өйткені әжесі табанды, адуын адам болатын.

Маша әжесінің кеңестеріне ден қоятын. Бұл аз болғандай әжесінің ырымдары мен пайдалы кеңестеріне ол өзінікін де қосып алды. Ол жұлдызнама оқиды, жазатайым бірдеңе болып қалса деп, мойнына өз жұлдызының белгісін, ал білегіне бирюза тасы бар білезік тағып жүрді.

Бір күні оны құрбысы Таня Максимова жексенбілік мектеп сабағына шақырды. Маша Иса Мәсіх туралы ести отырып, сабақты

ықыласпен тыңдады. Өз күнәларына өкінбеген күнәһарларды не күтіп тұрғанын білгенде қатты қорықты. Ол Мәсіхтен мәңгі ажырап қалғысы келмеді, сол себепті Құдаймен татуласуға болатынын естігенде тәубеге келу үшін орнынан бірінші тұрып, алдыға шықты.

Көкте Мәсіхпен бірге таңғажайып болашақ күтіп тұр деген сенімнен ол өзін жеңіл де қуанышты сезінді. Таня өзінің құрбысы үшін қуанып, Киелі кітапты бірлесіп оқуды ұсынды. Машаға көп нәрселер жаңа әрі түсініксіз еді, сол себепті ол келісті, ал Таня қауымға екінші жыл барып жүргендіктен Машаға көмектесе алатын.

Қыздар сәрсенбі сайын бірігіп, Киелі кітаптан бір тарау оқып, оны талқылап, бірге дұға ететін. Маша аурушаң Таня үшін қызу сиынушы еді. Таня демікпемен ауыратын. Бұл қорқынышты аурудың ұстамасы кезінде адамның тынысы тарылып кетеді. Егер дер кезінде жәрдем берілмесе, аурудың өліп кетуі де мүмкін. Таня өзімен бірге ингалятор – ұстама кезінде дем алуды жеңілдететін аспап алып жүреді. Маша Таняның оны қалай қолданатынын бірнеше рет көрді. Құрбысының қорқынышты қырылдап, деміге бастағанын көрген сайын ол қатты үрейленеді. Бірақ ингалятор ұстаманы тоқтатуға көмектесетін де, Таня қысылыңқырап былай дейтін:

– Құдайға шүкір, өтіп кетті...

Маша өз өміріндегі өзгерістерді байқап қуанды. Бөтендердің әлсіздіктеріне басқаша қарап, өз кемшіліктерін көбірек байқайтын болып жүр әрі Исаға оларды шын жүректен мойындап, Оның көмегін әр күні сезінеді.

Бұрын Маша мақтануды жақсы көретін, қазір ол кішіпейіл бола бастаған. Әжесі немересінің сөмкесіне бутерброд, алма, печенье салып жібереді де:

– Сен тамағыңды өзің же, мен мұны басқалар үшін бермеймін, – дейді. Сондықтан Маша өзінің таңғы асын балалармен салғырт бөліседі. Көбі оны сараң деп есептейтін.

Ал қазір Маша кенет өзіне балалармен бутербродын бөлісу ұнайтынын байқады. Өзіне де сондай сый-сияпат жиі көрсетілетіндіктен аш қалмайтынын да байқап жүр.

Бір күні жексенбілік мектептегі сабақта жұлдызнаманың, бал ашудың, сиқырдың қауіпті екені туралы әңгімеледі. Мұндай істердің барлығының артында адамдарға билік жүргізгісі келетін шайтан тұр. Жұлдызнамаға, бақсы-балгерге сенетін адамдар Құдайға сенбейді. Олар өздерінің болашағын шайтанға тапсырады да, соның ықпалына түсіп қалады.



Маша қатты қорықты, ол жұлдызнаманы оқып, әжесінің ырымдарына сенді ғой. Үйге келе салысымен, жұлдызнама мен болжамдары бар журналдардың бәрін тастай салды. Ол өз жұлдызының белгісі бар моншақты да тастағысы келген, бірақ қимай қалды – моншақ күміс еді, оны мамасы туған күніне сыйға тартқан. Тасы бар білезігін де қимады – тас сондай сүйкімді, кіп-кішкентай. Оның қандай зияны бар?

Бірде олар Таня екеуі Киелі кітаппен түнге дейін отырып қалды. Көп оқып, ұзақ талқылады. Таня сағат сегіз болғанда ғана өзінің кететін уақытын есіне түсірді. Асығыс жиналған ол Машаның пәтерінен атып шығып, үйіне тұра жүгірді. Жатар алдында Маша Таняның асығыста өзінің ингаляторы салынған қорапты ұмытып кеткенін көрді. Ол Таняға телефон шалып еді, бірақ құрбысы егер түнде аяқ астынан ұстамасы ұстай қалса, үйде көмектесетін дәрісі бар екенін айтып тыныштандырды. Ертең Маша аспапты мектепке ала келетін болып келісті.

Алайда Маша ингаляторды алмағанын мектеп жанына келгенде ғана есіне түсірді. Ол үйге барып, алып келуге үлгерер еді, бірақ...

“Мен қайта орала алмаймын, ол – жаман ырым, бүгін алгебрадан жылдық бақылау. Егер үйге қайта барсам, бақылауды міндетті түрде “үшке” жазамын, бұл – анық”, – деген ойдан Маша дірілдеп кетті. Не істеу керек? Кенет Таняның ұстамасы ұстап қалса ше? Бірақ ол кеше телефоннан өзінің халі жақсы екенін айтып иландырды ғой. Соңғы ұстаманың болғанына көп уақыт өтті. Бүгін де болмауы ықтимал.

Маша Исаға Таняны қамқорлыққа алуын өтініп дұға етті.

Кішкентай Ара өте әуесқой еді. Ол жаңа орындарды зерттеп, басқа араларға сонда барар жолды көрсетуді жақсы көретін. Ол бақшамен ұшып, әр алуан гүлдердің нәрін татып көруді ұнататын. Егер жолында бейтаныс жәндік кездесе, онымен тезірек танысып достасуға тырысатын. Тек жәндіктермен ғана емес, ол омартаға жақын жердегі егістікте жайылып жүретін Сиырмен де таныс болатын, қоршауда отырып алып, балапандарды бақылайтын, семіз сары Мысықпен де достасып үлгерді.

Бір күні ол Мысық тұратын үйдің ауласынан таңғаларлық сүйкімді мақұлық көрді. Ол семіз, сабалақ жүнді, салпаң құлақты. Өзі тым тынымсыз еді. Үздіксіз үріп, тауықтарды, тіпті сотқар өтешті қуалап, аулада шапқылайды да жүреді.

– Бұл кім? – деп сұрады Кішкентай Ара жаңа тұрғын – жасырынып алма ағашының бұтағында отырған Мысықтан.

– Күш-шік! – деп пышылдады Мысық.

– Қандай күлкілі! – деп дауыстады Кішкентай Ара.

– Күлкілі? Егер оның тісіне ілініп қалсаң, сенің қалай күлгенінді көрем! Абайла!

– Сен не айтып тұрсың өзің? Керісінше, ол – көңілді, ойынқұмар ғой, – деп қарсылық білдірді Кішкентай Ара.

– Иә, көңілді, тек оның әзірше ақылы аздау. Осылай ойнап жүріп, тістерін сақ еткізсе өмірің тәмамдалады, Кішкентай Ара. Менің ісім – саған ескерту, ал сен тыңдағың келсе, тыңда, тыңдағың келмесе, өзің біл, – деп Мысық есінеп алып, аяғын созып, бұталардың арасына жайғасты.

Кішкентай Ара Мысыққа күдіктене көз тастады да, Күшікті қайтадан бақылауға кірісті. Ол допты қуалап, аулада шапқылап жүр. Оның допты қалай бас салып, оны жылтыр тұмсығымен түрткілегенін көргенде, әбден күлді. Оған жақын ұшып барды да, оны өзіне шақыра ызыңдады. Күшік оны байқап қалып, соңынан жүгірді.

Алғашында Кішкентай Араға бұл ұнады, ол күшіктен ептілікпен жалтарып кетті. Алайда, бір кезде Күшіктің тістері оның дәл жанынан сақ ете түскенде, Кішкентай Ара қорқып кетті. Қатты шошыған ол аулаққа ұшып кетуге ұмтылған. Бірақ Күшік оны қуып берді. Қорқыныштан бәрін ұмытқан Кішкентай Ара алды-артына қарамай ұшқан күйі жіпке жаюлы тұрған кірлердің арасындағы қызыл жібек байлауышқа барып оралды. Ал күшік болса секіріп байлауышты тістей беріп еді, аяқтары салбырап асылып қалды. Кішкентай Ара жылтыр жібек жіп аяғына оралып, өзінің торға түскенін үрейлене аңдады. Жіпті жұлқи тартып еді, бақытына орай жіп үзіліп кетті де, Кішкентай Ара бостандыққа шықты. Осы уақытта байлауыш Күшіктің салмағымен жыртылып кетті. Күшік құлап түсіп, байлауыш оның үстін жауып қалды. Ол басын шайқап атып түрегелді де, жолды аңдамастан жүгіре жөнелді. Ұшып бара жатқан Кішкентай Ара бәсең үнмен қыңсылай үрген дауысты естіді – Күшік қоршауға соғылып қалған болатын.

Омартаға жеткен Кішкентай Ара басқаларға басынан кешкенін баяндады:

– Күшік байлауышқа оралып қалып, сенің жолың болған. Сол байлауыш сені құтқарып алды деп есепте.

Кішкентай Ара аяғындағы қызыл жіпті көрсетті:

Міне, менде оның ескерткіші қалды. Бұл жіпті әрқашан тағып жүрем. Егер ол маған бір рет бақыт әкелсе, болашақта да көмектеседі.

Енді Кішкентай Ара жіпті түнде ғана шешіп, таңертең қайтадан аяғына байлап алатын болды.



Ол жіптің өзіне көмектескенін аңғарды. Оны бұрын да ынталы және еңбекқор деп есептеуші еді. Ал қазір бұрынғыдан да көп мақтайтын болды. Соңғы бірнеше күнде Кішкентай Ара қарамық егістігіне ең қысқа жолды және омартаны салқындату үшін су алуға болатын өзенді жақын маңнан тауып алды. Оны бәрі мақтады, өйткені соның арқасында аралар балды көп әкелетін болды.

— Аяғында қызыл жібі бар Кішкентай Араны білесіңдер ме? — десті аралар өзара. — Ол сондай ақылды. Тіпті Ханымның өзі де оны мақтайды.

Тек досы ғана Кішкентай Араға риза болмады:

— Сен бұл жіпті аяғыңнан шеш! — деді ол. — Сен шынымен оны бақыт әкеледі деп ойлайсың ба? Сен оның көмегінсіз-ақ жаңа жол мен өзенді тауып алар едің ғой. Мен сені білем, сен жаратылысыңнан-ақ бәрін білуге құштарсың.

— Жарайды, көмектеспесе көмектеспей-ақ қойсын, бірақ ол кедергі жасамайды ғой.

— Өзірше кедергі жасаған жоқ, бірақ кедергі жасауы әбден мүмкін, — деді досы.

Бұл солай болды да. Бірде кішкентай Араға жол-жөнекей Жабыспақ кездесті. Ол осы қанішер жәндіктің өте қауіпті екенін білетін. Жабыспақ адамдарға да, малға да, жәндікке де шабуыл жасай береді. Ол ешкімді аямайтын нағыз жыртқыш сияқты. Кішкентай Ара оны алыстан көріп, беже қашты. Ол артынан ызалы ызыңды естіп, өзін оның қуып келе жатқанын түсінді. Кішкентай Ара төмендей адастыра ұшып, жыртқыштың қуғынынан құтылып кетуге тырысты. Кенет ол өзінің әдемі қызыл жібімен сабаққа ілініп, дәрменсіз күйде салбырап тұрып қалды. Сол кезде құрбысының ескертуі есіне түсті.

— Көмектесіңдер! Құтқара гөріңдер! — деп айғайлады кішкентай Ара.

Жабыспақ тек қанішер өлтіруші ғана емес еді. Бұған қоса ол — жауыз қинаушы да болатын. Қорлай ызындаған ол сорлы құрбандықты бірнеше рет айналып ұшты. Біресе тұмсығын оның денесіне қадауға дайындап таяп келеді, біресе Кішкентай Араның азабын сүйсіне бақылап, ұзап кетеді.

— Құтқарыңдар! — деп Кішкентай Ара соңғы рет айғайлап жіберді де, көзін жұмды. Ол күтпеген жерден өз құрбысының ұшып келіп, Жабыспақты шағып алғанын көрмеді.

Маша бақылауды жақсы жазды, барлық тапсырмалар мен мысалдарды шешті. Үзілісте ол Танияға келіп, үйде ингаляторды ұмытып кеткеніне кешірім сұрады. Алайда Танияның бақылаудан кейін аздап абыржып, беті қызарып кеткенін үрейлене байқады.

Әдебиет сабағында Танияны тақтаға шақырды. Ол өлеңді өте жақсы айтып жатып, кенет жөтеле бастады. Маша құрбысының көзінің шарасынан шыға бақырайып кеткенін көрді – оның ұстамасы басталды. Шошып кеткен сыныптастарының көз алдында Тания еденге отыра кетіп, деміге бастады. Мұғалім оқушылардың біреуін медбикеке жіберді, бәрі абыр-сабыр болып сапырылысып кетті.

Маша киінбестен далаға жүгіріп шықты. Өзіне аңтарыла қараған жүргіншілерге назар аудармастан ол ингаляторға құстай ұшып барып келді. Ол тез-ақ оралды, бірақ Танияны жедел жәрдем алып кеткен екен.

Маша аспап салынған қорапты қолымен сипалап тұрып қалды. Қатты жүргеннен және өкініштен жүрегі атқақтап шығып кетуге дайын тұрғандай.

“Танияның өліп қалуы мүмкін! Бәрі менің кесірімнен! Мен ақымақ ырымға сеніп, ингаляторға қайтып барғым келмеді. Ал қазір менің досым ауруханада! Оған мен кінәлімін!”

Маша үйге жылап келді. Папасы үйге келіп алыпты. Болған жағдайды білгеннен кейін, ол ауруханаға телефон соқты. Оған Тания Максимованың реанимацияда жатқанын, жағдайының мүшкіл екенін айтты. Туысқандарын да шақырып қойыпты. Еңірей жылаған Маша әкесінен ауруханаға бірге баруын өтінді.

Жол оған таусылмастай ұзақ көрінді, автобус өте баяу жүрді. Салқын әйнекке маңдайын тіреп Маша туған қаласының көшелеріне көз салды. Ол Тания екеуінің орталық көшедегі гүлдеп тұрған талшын ағашының түбінде отыруды қалай жақсы көретіндерін, бұрыштағы балмұздақ кафесіне сыныптастарымен бірге баратындарын, кітапханаға кітап алу үшін қалай жүгіретіндерін есіне алды. Танияның осы әсем гүлді енді қайтып көре алмауы мүмкін екенін Маша үрейлене ойлады. Оған әлем жіңішке жіпке ілініп қалған нәзік әйнек шар сияқты болып көрінді. Қозғалса бітті, жіп үзілмек. Сөйтіп Тания ешқашан жанында жүрмейтін болады. Маша мойнындағы моншақты, білегіндегі білезікті жұлып алды.


– Иса! – деп жалынды ол. – Кешір, менің ырымға сенуімнің кесірінен ең жақын досым азап шегіп жатыр. Маған бұл ұсақ-түйек болып көрінген еді, бірақ Саған емес, шайтанның тұмарына сену – қорқынышты күнә екен. Жұлдыздың бұл белгісі ұсақ-түйек емес,



кішкентай тас та ұсақ-түйек емес, өйткені Сен де солардың кесірінен өлдің. Ал қазір Таян ақымақ ырымның кесірінен өлейін деп жатыр. Мен Сенен өтінем, Тәңір, оның өмірін сақтай гәр! Сен Билеушісің! Сен – ең күшті, ең құдіреттісің! Сен – өмір берушісің! Мен Сенен өтінем, Таянны сауықтыра гәр!

Маша дауыстай сйынды. Қызының сөздерін естіп, әкесінің көзіне жас үйірілді.

Ол ішінен былай деді: “Иса, мен ештеңе түсінбеймін, бірақ Сен естіп тұрсаң көмекке келші!”



Олар есігінің алдында Таняның әке-шешесі тұрған реанимация бөлімін тауып алды. Маша көзінде жас мөлтілдеп, Таняның мамасына ингаляторды берді. Мамасы оны алып, Машаны жұбата құшақтады. Осы уақытта дәрігер шықты:

– Сіздер Таня Максимованың ата-анасысыздар ма? – деп сұрады ол.

– Егер мен осыдан 15 минут бұрын шыққанда, немен жұбата-рымды білмес едім. Бірақ керемет болды! Біз қыздан айрылып қалатынымызды түсінген кезде, кенет ол өзі демала бастады, қысымы қалыпқа түсіп, ұстамасы кетті. Қазір оған ешқандай қауіп жоқ, ол ұйықтап жатыр.

– Бұл – Иса! – деп айғайлап жіберді Маша. – Мен білем, оны Иса құтқарды! Мен сиындым, Ол естіді!

Дәрігер қыздың көзіне зер сала қарап, ақырын ғана былай деді:

– Мен қарсыласа алмаймын, өйткені сенің досыңның көз алдымда өмірге қалай оралғанын көрдім. Бұл – менің өлім алдында әлсіз екенімді түсінген кезде болды. Сол жерде Кім өлімнен күшті болса, Сол араласты.

Кішкентай Ара көзін ашқан кезде, жерде өліп жатқан Жабыспақты, оның жанында жатқан өзінің құрбысын көрді.

Ара өзінің жауын өмірде бір-ақ рет шаға алады. Ара шағып алады, сосын өзі де өледі.

Кішкентай Ара өз құрбысының жансыз денесінің жанында ұзақ отырды.

– Сен мен үшін, осы жіп үшін өлдің... Ол маған бақыт әкелген жоқ, қайғы әкелді. Сенің мені жақсы көргенің сондай, мен үшін өз өміріңді қидың. Қалай ғана мен мұны кеш түсіндім екен!

– Папа! Түсінесің бе, Иса сенің күнәң үшін де өлді! – деді Маша қайтып келе жатқанда әкесіне қызулана сөйлеп. – Сен Онымен татуласа аласың.

– Меніңше, мұны маған істеу енді кеш, – деп қарсыласты әкесі.

– Жоқ, папа, тәубеге келу ешқашан да кеш емес. Бірақ кейінге қалдыруға да болмайды. Сен өмірдің аяқ астынан үзілетінін білесің ғой.

– Жақсы, үйге барайық, сосын сен маған, кәрі әкеңе бәрін түсіндіріп берерсің, – деді папасы Машаны құшақтап.





## Жаңа оларта

Андрей қатты кейігеннен жылап жібере жаздады – үш күннен кейін лагерьге бару керек еді, ал Димка болса, аяғын шығарып алды. Дәрігер жол жүру туралы армандауға да болмайды деп кесіп айтты.

Олар мәсіхшілер лагерінде он күнді бірге өткізетіндеріне қатты қуанып еді. Андрейдің жолдама алған кезде жолы болды. Ол жексенбілік мектептегі сабаққа бар-жоғы үш-ақ рет барған-ды, бірақ оған басқа оқушылар сияқты бәрімен бірге баруды ұсынды. Ол аз дегендей, досына да жолдама берілді. Міне, енді оның ең жақын досы жылаудан ісіп кеткен көздерін ешкімге көрсетпеу үшін теріс қарап, төсекте жатыр. Андрейдің достары көп еді, сондықтан Димканың орнына кім баратынын шұғыл шешу керек болды.

Андрей үйге сүйретіліп келе жатты. Балалардың ешқайсысы Димканы алмастыра алмайды. Кенет Андрей сүт дүңгіршегінің жанынан Колька Муханы көрді.

Колька ұсақ ақшаларын санап тұр екен. Андрей Муханы айналып өту үшін кілт бұрылды, бірақ оның басына күтпеген бір ой келді. Ол Колькаға жақындап келді.

– Сәлем! – деп бірінші амандасты.

– Аман! – деп жауап қатты Муха сөмкесіне сүтті салып жатып.

– Сенде жұмысым бар, былай шығайықшы, – деп ұсыныс жасады Андрей.

– Сенің менде жұмысың бар ма? – деп сұрады Колька таңдана.

– Менде лагерге артық жолдама бар. Димка бару керек болған, бірақ аяғын шығарып алды. Сенің барғың келмей ме?

– Қанша тұрады? – деп сұрады Колька.

Бұл – мәсіхшілер лагеріне тегін жолдама. Жексенбі күні шығамыз. Он күнге. Алыс емес, орманда, өзен бойында. Онда қызық болады. Сонда баратын көп балаларды білем. Біздің мектептен де бар. Кирилл, Люда, Оксана, Юра, Оля Сидорова.

– Мәсіхшілік пе? Бұл не, ол жерде сиынуға мәжбүр ете ме?

– Жоқ. Бірақ анда-санда жұмыс істеу керек. Кезекшіге көмектесу керек, – деді Андрей Муханың қызыққанын көріп.

Көмектесе аламын ғой...

– Көріп тұрмын, үйге сүт апара жатыр екенсің, – деді Андрей.

– Әй-әй, менің не апара жатқанымда сенің шаруаң болмасын, – деді Колька ашуланып.

Андрей ақтала сөйледі:

– Мен ештеңе айтайын деген жоқпын. Мен де керек кезде дүкенге барам. Не дейсің, барасың ба, жоқ па? Маған бүгін жолдаманы қайтару керек немесе Диманың орнына кім баратынын айтуым керек.

– Жарайды, жолдаманды бер. Бәрібір маған жаз бойы үйде болуға тура келеді. Тым болмағанда сендердің лагерлеріңе барып қайтайын.

Кішкентай Ара алда күтіп тұрған оқиғаларды ойлағанда, жүрегі атой сала бастады. Міне, осымен бірнеше апта бойы аралардың бір бөлігі жаңа омартаға кетуге дайындалып жатыр. Кәрі Ханым араларды жас Ханыммен таныстырып былай деді:

– Қымбаттыларым менің, біздің отбасымыз өсіп-өніп көбейді. Сендер жақсы еңбектендіңдер, көп бал жинадыңдар. Соның арқасында біздің омартамызда әрқашан сәби аралар көп болды. Міне, көпшілігі өсті, сондықтан ескі омартамыз енді тарылып қалды. Сендердің көпшілігіңнен ажырайтын уақыт келді. Осында, ескі омартада қалатын жаңа Ханым пайда болды. Ал мен өзіммен бірге ұшып кеткісі келетіндерді жаңа омартаға алып кетемін. Сендердің еріктерің өздеріңде – не осында жаңа Ханыммен қаласыңдар, не менімен бірге жаңа омартаға ұшып кетесіңдер.

– Жаңа омарта қандай? Біздікіне ұқсай ма?

Иә, – деп жауап берді Ханым, – ол өте әдемі.



Аралар жауап орнына гуілдеп кетті:

– Біздің омартадан жақсысы бар ма екен?

– Қалай қызық!

– Сол жаңа омартаның жақсы екенін қалай дәлелдейсіз?

– Сендердің тек маған сенулерің ғана керек, – деп жауап берді Ханым.

Кішкентай Ара Ханымның көзіне қарады да өзінің оған сенетінін және дүниенің шетіне болса да, оның соңынан еретінін түсінді. Енді ол жұмыстан шаршаған кезде, әр көш сайын өз ұясында жатып алып, жаңа омартаны аңсайды. Ол Ханымның жаңа жерде жақсы болады деген сөзіне сенді. Ол омартаны алтындай жалтыраған, әдемі болар деп елестетіп армандап жүрді. Әр күні ұйықтап бара жатып, оны таяу уақытта көретіні жайлы ойлайды.

Лагерде шынымен-ақ жақсы болды. Қарағайлы орманда ағаш үйлер тұр. Өзенге апаратын жол бойы бүлдіргенге толы. Балалар тамақты үлкендердің басқаруымен өздері пісіреді. Суды құдықтан әкеліп, тамақты ас үйде кезекпен дайындады, бірақ бұл қызық іс еді, өйткені дәмді тамақ үшін сыйлық алуға болатын. Қыздар өздерінің үйлерін қағазбен, гүлмен әсемдейді, ал ұлдар үшін төсекті ұқыпты жинау жетістік еді.

Ең бастысы – әр минут қызыққа толы болды: ойындар, Киелі кітап тәлімдері, сөзжұмбақтар, жарыстар, алау жанындағы ән-жырлар. Мектепте бірге оқыған жылдардан гөрі, екі күннің ішінде бәрі бірін-бірі жақсы біліп, достасып үлгерді. Мәселен, Кирилл тек тамаша ботаник қана емес, талқылауды да бәрінен жақсы жүргізе алады екен, Оля Сидорова қиялға бай – ол кезкелген тақырыпқа сәтті сценарий жазып, оны сахнаға шығара алады. Ал Колька Муха болса, барлығын өзінің картоп тазалағыштығымен таңдандырды. Оның пышағының жүзінен картоп қабықтары лента болып шығып жатты. Әрі тамақты көптеген қыздардан артық дәмді пісіреді. Андрей Кольканың әжесімен тұратынын білетін. Оның әкесі түрмеде, ал шешесі оны тастап, басқа қалаға кетіп қалған.

Бұдан кейін Андрей Мухаға басқаша қарай бастады. Ол Кольканың бәріне неге соншалық сенімсіздікпен қарайтынын енді түсінді. Киелі кітап сабақтарында ол өзін дөрекі ұстады, арандатқыш сұрақтар да қойғыш. Андрей Кольканың ағаштар арасына темекі шегуге кетіп қалатынын бірнеше рет көрді. Онымен осы туралы сөйлеспек болып еді, бірақ алған жауабынан кейін назар аудармауға бел байлады. Кейде Андрей Кольканы лагерьге шақырғанына

өкінетін: “Бұл бір ақымақ шешім болды-ау. Жолдаманы қайтарып бергенім жақсы еді ғой, сонда олар басқа біреуді табар еді. Колькадан еш пайда жоқ. Оны тіпті Мәсіхтің өзі де өзгерте алмас”, – деп ойлады ол іштей.

Андрей жүрегіне Мәсіхті қабылдады. Бүкіл әлем оған өзгеше болып көрінді. Ол күнәң кешіріліп, өзіңді Құдайдың жақсы көретінін білген кездегі осы бір қуаныш пен жеңілдікті Кольканың да білгенін қатты қалады. Андрей Көктегі сүюші Әкеге өзгелерден гөрі Кольканың мұқтаж екені жайлы ойлады. Андрей ол үшін дұға етті, бірақ ешкімге бағынбайтын, өзімшіл, бұзық баланың Құдайға мойынсұна алатынына күдіктенумен болды.

Бір күні кешке алау жанында отырған кезде жетекші Виталик жаңа бір ән бастады:

Арайлап атты таңдарым,  
Нұрыңа мені бөледің.  
Тәңірім, Иса қаныңмен,  
Күнәмнің құнын өтедің.

Қиналдың Иса мен үшін,  
Айқышқа беріп тәніңді,  
Құтқарып алдың күнәдан,  
Әлемді және елімді.

Шыдадың, Ием, біз үшін,  
Жаныңды салып азапқа.  
Адамның әрбір ұрпағы,  
Бармайды сенсе тозаққа.

Кеудеңнең қаның төгілді,  
Тамшылап жерге тоқталмай.  
Күнәсіз Иса керілді,  
Айқыштан бақыт тапқандай.

Күнәні енді жасама,  
Киелі Иса қаны үшін.  
Тәубеге келгін, бауырым,  
Өмірдің ұғып мәнін шын.

Виталик осы әнді айтып отырды, ал қалғандары демдерін



іштеріне тарта отырып, тыңдады. Ұлдар мен қыздардың жүздері байсалды кейіпке түсті. Андрей кенет олардың бәрінің өзіне қаншалықты қымбат екенін ойлады. Күлегеш Оля Сидорова, салмақты Кирилл, ажырамас достар Алена мен Гая, ақылды Женя, тентек Рита – әрқайсысы әр бөлек, бір-біріне ұқсамайды. Міне, енді қазір бәрі бірге ұшқын атқан алау жанында отыр. Оларды Иса біріктірді. Андрейдің көңілі жылып сала берді. Бәрі алқа қотан отыр, тек Муха ғана көрінбейді. Андрей бұрылып қарап, Кольканың өзінің артында тұрғанын көрді:

– Коля отыр, мен жылжиын, – деді Андрей оған.

Муха кілт бұрылып, алаудың жанынан алыстап кетті.

– Керек емес, отырғым келмейді! – деп бұрқ ете қалды ол. – Онсыз да көзіме түтін кіріп кетті.

Андрей отырған орнында қатып қалды. Оған Кольканың көзінде мөлтілдеген жас тұрғандай көрінді.

Кішкентай Ара қуанышты тебіреніспен оянды: “Мен бүгін ұшып кетем!” Омартада қалуға шешім қабылдағандармен қоштасып, Кішкентай Ара ұшып шықты.

Аралар Ханымды айнала қоршап гуілдей ұшты. Ескі ұясын соңғы рет айналып ұшқан Ханым ағаштың бұтағына келіп жайғасты. Аралар оған ұшып келді де, одан мықтап ұстады. Біраз уақыттан кейін араларға толы сабақ бұтақта салбырап тұрды. Бұл енді жекелеген аралар емес, тұтас бір қауым еді. Кішкентай Ара қозғалып тұрған осы бір ауыр сабаққа таяп келіп, араның біреуіне аяғымен жармаса кетті. Дәл осы жерде оған келесі біреуі, одан кейін тағы біреуі жармасып ұстай берді.

Киелі кітаптың соңғы сабағын Виталик жүргізді. Ол елші Пауылдың шәкірті әрі досы Тімөте туралы әңгімелейді. Олар Тімөтеге арналған 1-хаттың 6-тарауынан бір аят оқыды:


“Сенімнің ізгілікті ерлігі үшін жан сала күресіп, мәңгілік өмірді берік ұстан. Тәңір сені осыған шақырды, өзің де көптеген куәлардың алдында Ізгі хабарды мойындадың”.

– Қалай ойлайсыңдар, сенімнің ізгілікті ерлігі деген не? – деп сұрады Виталик.

– Менің ойымша, ерлік – бұл зор мағыналы нәрсе. Мысалы, елші болып, Африканың бір жеріне уағыздауға бару, – деп жауап берді Рита.

Кирилл қарсылық білдірді:

– Мен аздап басқаша ойлаймын. Африкаға бару, бұл, әлбетте, қызықтыратын игі іс. Біз шынында да, ерлікті бір ерекше нәрсе ретінде елестетеміз. Бірақ елші Пауыл бұл сөзді аздап басқа мағынада қолданған. “Ерлік” – “қимылдау”, яғни “әрекет ету” деген сөзден шыққан. Сенімнің ізгілікті ерлігі үшін жан сала күресу – бұл ізгілік үшін әрекет етуге, сеніммен өмір сүруге, жақсылық істеуге бұйрық.





Виталик Кирилді қолдады:

– Иә, сондай-ақ біз мұны бірдемеге қол жеткізуге – мақтау немесе марапатқа жету үшін емес, тек Құдай бізді жаңа өмірге шақырғандықтан істейміз. Бұл біздің айналамыздағылар үшін маңызды. Осы аятта олар куәлар деп аталған. Біз оларға өз сенімімізді әрекетімізбен көрсетеміз және Ізгі хабарды жариялаймыз – әлемге өзіміздің неге сенетінімізді, қандай тұғырда тұрғанымызды мәлімдейміз.

Кирилл алақанын шарт еткізіп, ұсыныс айтты:

– Менде қызық ойын бар. Қазір айтып беремін. Менің биологияны жақсы көретінімді бәрің білесіңдер ғой. Жануарлар мен жәндіктерді көп бақыладым. Мені аралардың өмірі өте қызықтырады. Аралардың отбасы өте қызық құрылған. Аралар жұмыс істейді – бал жинайды, ұя салады, балаларын күтеді. Омартада Ханым бар. Жатыпішерлері де бар, соңында оларды қуып жібереді. Белгілі бір уақыт өткенде аралардың үй-іші бөлінеді. Омартада аралардың бір бөлігі бірге қалатын жаңа Ханым пайда болады, екінші бөлігі кәрі Ханыммен жаңа омартаға ұшып кетеді. Олар Ханымнан және бір-бірінен мықтап жармасып ұстанады.

– Бұл – Мәсіхтің өз адамдарын көкке алып кететін кезіндегісіне ұқсайды, – деді Рита.

– Иә, менің айтқым келгені осы. Кәне, осылай ойнап көрелік.

Виталикке бұл ой қатты ұнады:

– Өте жақсы. Тек жаңа омартаға ұшқысы келген әркім Ізгі хабар айту керек. Міне, менде Киелі кітап бар. Бұл – Құдайдың сөзі, ал Сөз – бұл Иса. Мен Одан ұстап тұрмын. Менің Ізгі хабарым мынау: “Иса – жерге адам тәнінде келген Құдай!”

Кирилл Виталиктен ұстап тұрып мынаны айтты:

– Иса Фолғотада менің күнәларым үшін өлді – менің Ізгі хабарым осы!

Келесі Саша болды:

– Мәсіх – менің жүрегімде өмір сүретін Құдай!

Алена мен Галя бірге жүгіріп келді:

– Иса Мәсіх өз қауымын құрады, ал біз – оның бір бөлшегіміз.

– Иса – дұғаларды еститін Құдай! – деді де, Андрей артына бұрылды.

Коля шет жақта тұрып, ұлдар мен қыздардың “омартаға” қалайша жүгіріп келіп жатқандарын, Ізгі хабар айтып, бүтіннің бөлшегі болып жатқандарын үнсіз бақылап тұр. Ақырында оның жанында ешкім қалмады.

“Тәңірім! – деп жалбарынды Андрей іштей, – Мен шыбынның ара бола алмайтынын білем, алайда Сен адаммен ғажап іс істей аласың. Сен өлім алдындағы күнәкардан жаңа адам да жасай аласың. Коляның өз жүрегін саған ашуына көмектесе гөр!”

Уақыт тоқтап қалған тәрізді. Балалар бір-бірін құшақтап, тұтас бір топ болып тұр. Бәрі Колькаға үн-түнсіз қарап қалған. Ол балаларға арқасын беріп, екі рет ауыр адым аттады. Андрей өзінен ұстап тұрған балалардың қолдары қалай қысқанын сезді.

Кенет Колька кілт бұрылып, қырылдаған даусы дірілдеп:

– Мәсіх! Мен құритын болдым, құтқаршы мені! – деді.

Міне, осы арада аралар қауымында болмайтын нәрсе болды. Барлық балалар Колькаға қарай жүгірді. Ондаған қолдар оны қаусыра құшақтап алып, шыр айналдырып кетті. Колька бетін жаусырып баққанмен, мөлтілдеген жасты оның көзінде ғана емес, тула бойынан байқауға болатын еді. Ол кенет өзін жақсы көретінін, өзінің керек екенін, жалғыз еместігін сезді!

Аралардың қауымы аспанға көтерілді. Мыңдаған қанаттар біртұтас болып дірілдейді, мыңдаған кішкентай жүректер бір ырғақпен толқиды. Ұялы аралар осылайша ғажайып жаңа – алтын омартаға ұшып бара жатты.





## Мазмұны

Алғы сөз .....	3
Кімнің омартасы жақсы .....	5
Жарыс .....	14
Нағыз көз жасы .....	20
Леша қалай тинэйджер болды .....	28
Ақырған Арыстанның жолдауы .....	35
Жатыпiшерлер көтерiлiсi .....	42
Бiз кездесемiз! .....	50
Бал емес .....	56
Дәуiттiң отырысы .....	66
Сиынудың күшi .....	72
Жаңа омарта .....	80

“Веретельный”  
баспаханасында басылды.  
Алматы қаласы,  
Бакинская көшесі, 58  
тел: 8(727) 2 34-00-79

Таралымы 5000 дана.

Осы кітап жайлы ой-пікіріңіз немесе сұрақтарыңыз болса,  
мына мекен-жайға хабарласыңыз:

050031 Алматы қаласы п/ж 68

«ШЫҒЫС СӘУЛЕСІ»

e-mail: liokaz@pactec.kz